Адамгершілік (рақымдылық) пен тыныштық туралы «Луньюй» трактатында бірқатар тұжырымдар бар. Адамгершілік – тыныштық байланысы туралы екі нақты мысалды келтіруге болады. Ұстаз айтты «Адамгершілігі жоқ адам ұзақ уақыт қиын жағдайда өмір сүре алмайды [сондай-ақ] ұзақ қуаныш сезімін сезе алмайды. Рақымды адам адамгершілікте тыныштық табады» [«Луньюй» IV]. Ұстаз айтты: «Танып білуші өзендерді жақсы көреді. Рақымды тауларды жақсы көреді. Танып білуші үнемі қозғалыста болады, рақымды тыныштықта болады. Танып білуші қуанышты, рақымды ұзақ өмір сүреді» [«Луньюй» VI, 23].

Кун Цзы адамгершілік(рақымдылық) адамға табиғатынан тән жасырын қабілет деп тұжырымдады. Ол әр адамның ішінде сақталып, өздігінен пайда болады. Тек оны шығаруға күш жұмсау керек. Ғұлама бұл пайымдауларын келесідей тұжырымдаған: «Адамдар бір күн бойы барлық күш жігерін адамгершілікке жұмсай ала ма? Мен бұл үшін күш-жүгері жетіспейтін адамдарды көрген жоқпын. Мүмкін осындай адамдар бар шығар, бірақ мен оларды кездестірген жоқпын» [«Луньюй» IV, 6]. Бірақ келесі тұжырымдамасында ұлы ғұлама қарама-қайшы ойды келтіреді: «Мен адамгершілікті жақсы көретіндерді көрген емеспін және рақымсыздықты жек көретіндерді де көрген жоқпын» [«Луньюй» IV, 6]. Бірақ осы қарама-қайшы екі тұжырымдаманы адамгершілік жалпы адамзатқа тән жасырын қабілет деген түсінік негізінде сәйкестендіруге болады. Адамгершілікке жету үшін бір маңызды әрекет жүзеге асыру керек: барлық адамдарға тән «ұлдық парыз бен үлкендерге деген ізет-құрмет» сезімі негізінде «өз-өзін жеңу керек» - *кэ цзи*. Демек, адамға қоғамға араласу үшін екі әрекетті жүзеге асыру қажет. Бұл – өз-өзін жеңу білу және ішкі үйлесімдікке жету. Тек осындай адам ғана өзгелерге адамсүйгіштік таныта алады. Ғұлама өзгелерге деген сүйіспеншілік тек адамгершілікті тұлға да пайда болуы мүмкін деп тұжырымдайды. «Рақымды адам өзінің қлыптасуын қаласа, өзгенің де қалыптасуына септігін тигізеді, өзінің табысқа жетуін қаласа, өзгенің де табысқа жетуіне себепші болады» [«Луньюй» VI, 30].

Конфуциандық гуманизм тұтас адамзаттың дамуындағы дәуірді қалыптастырды. Конфуций қоғамның санасында «абстрактты гуманизм» идеясын: «яғни өзгелерге қоғамда алатын орнына қарамастан, өзіңе сияқты, теңдік позициясынан қарау керек және өзгелер сүйіспеншілікке лайық екенін есте сақтау керек» - қалыптасуына еңбек сіңірді [9, 47].

Жэнь ұғымының шешуші түсіндірмесін, әрине, Қытай мәдениеті береді. Ал Қытай мәдениеті соңғы екі мыңжылдықта бұл ұғымның бастапқы екі мағынасы – «адамсүйгіштік» пен «адамгершілікті» таңдап, өзіне сіңірді. Бұл термин күні бүгінге дейін қолданылады, қытай тілінде «адамгершілікті» білдіретін басқа сөз жоқ. 1989 ж. Конфуций қорының құрметті кеңесшісі Чжоу Гучэн *жэнь* категориясының жаңа түсіндірмесімен сөз сөйледі. Оның ойынша, Конфуций түсінігіндегі бастапқы мағына: «Адам адам болуға міндетті» [1, 164].

Кун Цзы *жэнь* ұғымымен қатар, *сяо*(«ұлдық құрмет»), *ли* («қағидалар», «этикет»), *чжи* («ақыл», «білім»), *и* («әділдік», «парыз»), *чжун* («адалдық»), *дэ* («мораль»), *чи* («ұят»), *юн*

(«ілгері-кейін принципі») сияқты категориялар қалыптастырды.

Кун Цзы іліміндегі маңызды концепциялардың бірі – *сяо*. *Сяо* кішінің үлкенді сыйлауы, балалардың ата-аналарына бас июі. Мемлекет басқару ісінде ол осы концепцияға айырықша көңіл бөлді. Себебі мемлекеттің өзі – бір үлкен отбасы. Отбасында кішілер үлкендерді және ата-анасын сыйлау керек, ал олар өз кезегінде кішілерге қамқорлық таныту керек. Бұл ойларын Ұстаз келесідей тұжырымдаған: «Әкесінің көзі тірісінде, оның (баласының) талпынысын байқа; әкесі өлген соң, оның (баласының) мінез-құлқын байқа. Егер ол үш жыл бойы баласының Дао-Ақ жолынан шықпаса, онда мұны құрмет-қошемет деуге тұрарлық [6, т.1, 293]. Бұл жердегі әкесінің Дао-жолы – тек өмір жолы ғана емес, сонымен қатар мінез-құлқы, көзқарастары. Әкесінің өмірлік тілек-қалауларын орындау, оның өмірлік жолын ұстану – бұл біріншіден, ұрпақтар арасында мықты байланыс орнатады, екіншіден отбасылық дәстүрлерді құрметтеу арқылы, бүкіл қытай халқының дәстүрлерін құрметтеуді үйретудің тиімді әдісі болып табылады. *Сяо* ұғымының негізгі функционалдық қызметі де осы. Кун Цзы ұлдық құрмет туралы жиі айтқан, сонымен бірге ол ата-анаға тек қамқорлық қана емес, ізет, үлкен сүйіспеншілік танытуды дәріптеген. Ұстаз айтты – Әкемен немесе анамен сөйлескенде жұмсақ та кішіпейіл болғын. Егерде сенің ниетің олардың көңілінен шықпаса да, бәрібір құрметте – олардың еркіне қарсы келме [6, т.1, 295].

Қоғамның үйлесімді дамуында маңызды орын алатын тағы бір категория – *ли* (қағидалар, этикет, рәсім). Ғұлама «*жэнь*» адамгершіліктің мазмұны, ал «*ли*» - оны жүзеге асырудың жолы деп түсіндірген. Қоғамда бір ұрпақтан екінші ұрпаққа көшетін мұраны, игілікті, сақтау, оның мән-маңызын жете білу, Кун Цзы бойынша айтсақ, отбасында болсын, мемлекет көлемінде болсын әдеп-ғұыпты, салт-дәстүрлерді құрметтеу арқылы да жүзеге асыруға болады [3, 109].

Әрбір қоғам мүшесі туғаннан бастап, өмірінің соңына дейін Қағидаларды ұстану керек болған. Кун Цзы *ли* категориясы арқылы өз ілімінде мемлекет пен қоғамды бір-бірімен тығыз байланыстыра алды. Кун Цзы қалыптастырған қоғам мемлекетке қарсы тұра алмады, себебі олар ортақ құндылықтармен байланыстырылды. Бірақ бұл байланыста қоғам алдыңғы қатарда болды, биліктегілер *ли* принципін бұзған жағдайда қоғам оларға қысым көрсете алды.

Ұлы ойшыл қалыптастырған құндылық бағдар арасындағы айрықша мәнге ие болатыны – білімге деген құрмет. Ұстаз білім алуда шығу тегіне қарай ешкімге шек қоймаған. Ол адам-

дарды білімге құштарлығы бойынша сипаттаған: «Ең жоғарғы – туғаннан білімге иесі; одан кейінгісі – оқу барысында білім жинағандар; одан кейінгілер – оқуды қиындыққа ұшырағаннан кейін бастағандар». Сонымен қатар, ғұлама бір салада үлкен жетістіктерге жеткен адамдарды ерекше құрметтеген. Ол өзін «тәжірбиелі диканшымен» немесе «тәжірбиелі бағбанмен» салыстыра алмайтынын айтқан. Кун Цзы еңбек этикасына деген құрметті қалыптастырады – бұл конфуциандық мәдени аймақ халықтарының барлығына тән.

Осылайша, Кун Цзы Қытай өркениетіне орасан зор ықпал жасаған ғұлама ойшыл. Ғасырлар бойы оның философиялық пайымдаулары даналық пен кеменгерліктің қайнар көзі ретінде халық арасында сақталып келді. Бұл дәстүр болашақта өз жалғасын тауып, ұлы ғұламаның ғақлиялары мен адамзат қоғамы туралы тамаша ойлары Қытай өркениетінің дамуына септігін тигізері сөзсіз.

1. Переломов Л.С. Конфуций: «Лунь юй». Исслед., пер. с кит., коммент. М., 1998.

2. Переломов Л.С. Конфуцианство и современный стратегический курс КНР.- М.: Издательство ЛКИ, 2007.- 256с.

3. Переломов Л.С. Конфуций: жизнь, учение, судьба. М., 1982.

4. Молдабеков Ж., Қасабек А. Шығыс философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ унив., 2001. – 302 бет.

5. Семенов И.И. Конфуций. Я верю в древность. Сост., перевод и коммент.- М., 1998 – 384 с.

6. Әлемдік философиялық мұра. Ежелгі Шығыс философиясы. Т.1 - Алматы: Жазушы, 2005-560 б.

7. Әлемдік философиялық мұра. Шығыс философиясы. Оқу құралы – Алматы: Жазушы, 2009-480 б.

8. Әлемдік философиялық мұра. Философия тарихы. Т.14. – Астана: Аударма, 2006 – 488 б

9. Мартынов А.С. Конфуцианская личность и природа. – Проблема человека в традиционных китайских учениях. М., 1983.

В данной статье рассматривается роль Конфуцианского учения в духовной культуре китайского народа. Приводится анализ принципов Конфуцианского учения. Рассматривается данная Конфуцием интерпретация этих принципов в труде «Лунь юй».

The article examines the role of Confucianism in spiritual culture of Chinese people. We give the analysis of Confucius principles. We consider interpretation this principles of Confucius «Analects».

Момынкұлов Ж.Б.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Орталық Азия аймағы барған сайын әлемнің жетекші елдерінің қызығушылығын тудыруда. Мұның себебі аймақтың геосаяси және геоэкономикалық маңыздылығында жатыр. Орталық Азияда болып жатқан үдерістер аясында бірқатар маңызды мәселелерге басымдық беріледі. Оларға Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аумақтың интеграциялық және конфронтациялық әлеуеті, аймақтың өз келешегін өзі таңдауының мүмкіндігі, шетелдік серіктестердің ұстанымы жатады.

Қырғыздың ойшылы Шыңғыс Айтматов айтқандай, Орталық Азиялық немесе еуразиялық интеграция идеясы аймаққа тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін жаңа мүмкіншіліктер ашады. Алайда оқшаулылық, тым тұйықтық, шекарадағы қатаң кедергілер, алыс жатқан елдермен сауда жасау мен шикізат саласында асқан өзіншіл көзқарас сияқты құбылыстар әділетті қарым-қатынас құруға кедергі болды.

Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы 1994 жылы бұрынғы Орталық Азиялық экономикалық қауымдастықтың орнына қайта құрылды.

Оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстан кірді. ОАЫҰ-на мүше мемлекеттер біртұтас экономикалық кеңістікті сақтылы түрде құру жөнінде келісілген шараларды жүзеге асыру үшін белгілі міндеттерді өз мойындарына алды. Бұған қоса, ұйым ортақ көліктік және байланыстық құрылым құру саласында ықпалдасуға, шекаралық және кедендік бақылау саласында келісілген саясат жүргізуге ерекше көңіл бөледі.

Қырғызстанда 2005 жылдан 2010 жылға дейінгі аралықта болған саяси астары бар қақтығыстар күллі аймақтағы жағдайға тікелей әсер етті. Оның үстіне Өзбекстанның «екі стандарт саясаты» да «отқа май құйғандай» болды. Кейбір мамандардың айтуынша, Өзбекстанның өзі «керітартпа саясат» ұстанып отыр: аймақтағы шиеленістердің көбісі өзбек жағының «қырсық мінезінен» туындап отыр. Десек те, соңғы бес жылда Өзбекстанның өзінде халықтың ішкі қарсылығының өскендігі байқалады.

Өзбек халқының демографиялық жарылысының салдарынан жергілікті экономика ауылдық аймақтардағы халықты тұрақты жұмыс пен

жеткілікті жалақымен қамтамасыз ете алмайды.

Орталық Азия мемлекеттері қазіргі жағдайда аймақтағы жағдай үшін өзінің тарихи және геосаяси жауапкершілігін ұғынуға тиісті. Аймақтағы кез келген шиеленіс әдетте алыста жатқан сыртқы геосаяси күштердің, мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың ықпалымен байланысты болады. Интеграцияның арқасында Орталық Азияның елдері орын алатын әртүрлі ішкі және мемлекетаралық қақтығыстарды шешу механизмдерін қалыптасуға міндетті.

Тәуелсіздік алған осы күнге дейінгі аса маңызды мәселелердің бірегейі аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Мұның себебі терроризм, экстремизм, заңсыз есірткі айналымы сияқты жағымсыз құбылыстардың көбеюі еді. Осы орайда, аймақтың қауіпсіздігін нығайту бағытында күш біріктіру мен мемлекеттер тарапынан ортақ шараларды қабылдау ерекше маңызды болып отыр. Ол үшін Орталық Азияның ынтымақтасуы қажет. Өйткені аймақта қандай да бір стратегиялық серіктестіктің күшеюі геосаяси негіздегі жаңа қайшылықтарды тудыруы мүмкін.

Аймақтағы негізгі проблемаларға экстремизм, заңсыз жұмыс миграциясы, есірткі трафигі, су-энергетикалық проблемалар – бұларға қарсы тұру үшін аймақтың елдері бірігуге мәжбүр. Бүгінгі таңда есірткі бизнесі экстремизм мен терроризмнің де дамуына әсер етуде. Ауғанстанмен көршілес болғандықтан Өзбекстан әлемдік есірткі трафигінің эпицентрінде тұр. Аймақтағы тағы бір үлкен проблемалардың бірі миграция – көші-қон мәселесі. Халықаралық көші-қон ұйымының есебі бойынша (ХКУ) Орталық Азияда соңғы 15 жылда миграциялық көріністер түбегейлі өзгерген. Мұның бірнеше себептері бар. Оларға кедейлік, жұмыссыздық пен халықтың көп бөлігінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмендігі, билік органдарының азаматтардың құқықтары мен бостандығына қол сұғуы, сана-сезімнің маргинализациясы жатады.

Қазіргі Орталық Азия әлемнің ең бір келешегі бар геосаяси аймағына айналды. Себебі мұнда саяси ықпал етудің мүмкіндігі, маңызды ресурстық потенциалдың болуы, әртүрлі аспектілерімен қауіпсіздік мәселесі әртүрлі мүдделер шоғырланған.

Орталық Азияда интеграциялық үдерістердің дамуына күрделі кедергілер бар: сауда, көлік салаларындағы бақталастық, газға қатысты даудамай сияқты мәселелер аймақтағы елдердің өзара ынтымақтасуын тежейтін қайшылықтардың болғанын айғақтайды. Бұл қақтығыстар мен келіспеушіліктер Орталық Азияның әзірше біртұтас организм еместігін көрсетеді.

Фридрих Эберт атындағы Орталық Азия мен Кавказ жөніндегі қордың үйлестірушісі Винфрид Шнайдер-Детерс Орталық Азия елдері екі сала бойынша ынтымақтастық жасауы қажет деген. Оларға экономика мен қауіпсіздік жатады. Сарапшының пікірінше, аймақтағы мемлекеттер ортақ Еуропалық Одақтың экономикадан туындағанын ескеруге тиісті.

Өзбекстандағы ЮНЕСКО өкілі Майкл Барри Лейннің айтуынша, аймақты ортақ түсінік, ортақ тіл, ортақ тарихи-мәдени өмір, ортақ сауда жолдары біріктіреді. Тәуелсіздік бұл елдерге экономикалық қалпына келу мен тарихи байланыстарды қайта орнату арқылы аймақтық интеграция мен ынтымақтасу үшін үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Халықаралық интеграция еркін сауда аумағы – кедендік одақ – экономикалық және валюталық одақ сияқты негізгі кезеңдерден өтеді. Аймақ интеграциялық үдерістерді жеделдетіп, ортақ нарықтың тезірек құрылуына мүдделі. Орталық Азияда ортақ нарық пен ортақ валютаның болғаны дұрыс. Мемлекеттердің аймақтық келісімдер арқылы бірігуі олардың тиімді дамуына және қазіргі қауіп-қатерлерге бірге төтеп беруіне жағдай жасайды. Аймақта шешімін таппаған көптеген өзекті проблемалардың болуы Орта Азия мемлекеттерін бірлікке және ынтымаққа итермелеуі тиіс.

Қауіпсіздік мәселесіндегі кейбір қайшылықтарды санамағанда, аймақтық елдердің қауіп-қатерлерге қатысты ұстанымдары бір-біріне сәйкес келеді. Ресей мамандарының айтуынша, аймақтық экономикалардың әртүрлі одақтарға қатысуы ерекше мәнге ие мәселе.

Ресей Орталық Азияны Қытайға бермеуге тырысуда. Себебі, Орталық Азия екі жақ үшін де нарық және мүдде аймағы. Ғаламдандудың әсерімен Орталық Азия елдері алпауыт елдердің қаржылық және технологиялық мүмкіндіктерін пайдаланып, дүниежүзілік шаруашылыққа қол жеткізуде.

Орталық Азия қауымдастығы 1994 жылы Ортақ экономикалық кеңістікті құру жөніндегі келісім арқылы құрылып, онда бірқатар маңызды үкіметаралық құжаттар қабылданды. Бұл құжаттарға жеке тұлғалардың шекарадан өтуі мен жұмыс күшінің әкелінуінің шарттары жеңілдетілді, көші-қон, денсаулық сақтау, ғылыми-техникалық ақпарат, сейсмология, төтенше жағдайлармен күрес мәселелері енді. Сырдария өзенінің су-энергетикалық ресурстарының тиімді пайдаланылуы, энергожүйелер мен су-энергетикалық консорциум туралы келісілді.

Алайда Орталық Азияда ортақ экономикалық кеңістік құру идеясы екінші жоспарға ысырылды. Оның орнына ЕурАзЭО-тың рөлі артты.

Өзбекстанның бұл ұйымға деген көзғарасы тұрақты емес.

Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, ОА мемлекеттерінің аймақтық интеграциялық ынтымақтастығы келесі үш түрде дамуы мүмкін: 1) жай қарқынмен дамуы; 2) қауымдастықтың бірте-бірте бәсеңдеп, ыдырауы; 3) интеграцияның келесі жоғарғы деңгейге көтерілуі.

2010 жылы Қызылорданың Ош және Джала-лабад қалаларында болған қанды қақтығыс өзбек-қырғыз қатынастарын біраз уақытқа артқа шегеріп тастағаны белгілі. Орта мерзімді келешекте аталмыш елдердің билеушілерінің ауысуымен екі жақ ортақ келісімге келуі мүмкін. Сарапшылардың айтуынша, осы аймақтағы елдер экономикалық реформалар, кедендік-тарифтік және салықтық заңнамалар, сауда-экономикалық қатынастарға қатысты келісілген жүйелі саясат жүргізуі қажет.

Әзірше көбісі қағаз күйінде тұрған бұл жобалардың бірсыпырасы мыналар: әртүрлі деңгейдегі инвестициялық бағдарламалар, аймақтық транзиттік-көліктік әлеуетін пайдалану, магистралды мұнай-газ құбырларын салу.

АҚШ пен Ресей Орталық Азияны жауапкершілік аймақтарға бөліп, прагматикалық ынтымақтастыққа көшті. Бұл жағдайда Қытайдың аймақтағы ықпалы күшейіп келеді. АҚШ Ресейдің аймақтағы ықпалын шектей келіп, орыстардың Орталық Азияға келуіне кедергі болмайды. Вашингтон Москваны аймақтық геосаясаттағы көмекшісі ретінде қарастырады. Яғни, АҚШ Ресеймен бірігіп, аймақтағы Қытайдың ықпалына қарсы тұруды көздейді. Себебі, Қытай Орталық Азияда өктем саясат жүргізіп, өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық тетіктерді пайдаланады. Көз алдымызда Қытай Орталық Азияның экономикалары үшін ең ірі инвесторлардың біріне айналды.

Бұл себептердің барлығы аймақтың ішкі интеграциялық әлеуетінің төмендігін көрсетеді. Аймақтағы экономикалық кеңістік жай қалыптасуда. Бұған қоса, өткен жылдарда кедендік, салықтық саясатты біріздендіру бағытында мардымды ештеме жасалынбады. Энергетикалық және шикізаттық ресурстарды экспорттауда ортақ мүдделерді қорғау концепциясы мен жоспарының жоқтығы, өнідірістік бәсекелестік туралы шаралардың жоқтығы, су, энергетика, газ, көлік кешендерін пайдалануға қатысты мәселелердің шешілмеуі, мәдени-ғылыми байланыстардың әлсіреуі, экономикаларды реформалау мен қайта құрылымдаудың қажетті стратегиясының жоқтығы аймақтық деңгейдегі ынтымақтастыққа айтарлықтай кедергі болды.

Экспорт саясатында келіспеушіліктердің болуы, экономикалардың реформалануының әр-

түрлі қарқынмен дамуы, біржақты шешімдердің қабылдануы да интеграцияға кедергі болды. Мысалы, Қазақстан 90-шы жылдардың аяғында аймақтық сауданы тарифтік және тарифтік емес реттеуді қолға алды. Қырғызстан су-энергетикалық ресурстарды пайдалануға шектеу және тыйым салу шараларына кірісті. Өзбекстан оқшаулану саясатын жүргізіп, ТМД-дан тыс елдерге бағыт алды. Түркіменстан ортақ жобаларға қатысудан мүлдем бас тартты.

Енді, Орталық Азияның келешекке қай жаққа қарай жылжуы немесе қалай дамуы мүмкін деген сұраққа жауап берейік. 1-ші мүмкіндік: Орталық Азия мемлекеттерінің біріге алмай, күрделі дау-жанжалдарға душар болуы. Аймақтағы қазіргі жағдайдың осы жағымсыз сипаттамаға сәйкес келетінін мойындаған жөн. 2-ші мүмкіндік: Орталық Азия халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде аймақта өркениеттердің тоғысуы жағдайында тұрақтандыруші рөлді ойнайтын болады.

Осы орайда үш басты сценарий қарастырылған. Мәселен, Қазақстанның бейбітшілік, дінаралық диалог, толеранттылық салаларындағы талпыныстарын атауға болады. Алғашқы сценарий бойынша, алпауыт мемлекеттердің аймақты сырттан басқаруы, ықпал етуі Орталық Азияның дербес дамуына кедергі болуы мүмкін. Келесі сценарий бойынша, аймақтағы елдер тарихи дәстүрлер мен қазіргі жағдаятты ескере келе дүниежүзілік байланыстар жүйесінде үлкен маңыздылыққа ие болуы да мүмкін. Бұл жағдайда негізгі мақсат аймақтың өз-өзімен қауышуы, өз-өзін тануы болмақ. Үшінші стратегия бойынша, бірінші және екінші модельдің кейбір жақтарын есепке ала отыра даму. Оның мәні Орталық Азияны дағдарысқа қарсы басқаруға келіп саяды. Бұлардың арасында аймақ үшін ең тиімдісі екінші стратегия болып табылады. Ол бойынша, жергілікті элита саналы түрде Орталық Азияны халықаралық қатынастардың жоғары деңгейде интеграцияланған субъектісіне айналдыруы тиіс. Тым күрделілігіне қарамастан, бұл міндетті шешуге болады.

Бұл бетбұрыстың бірінші қадамы Орталық Азияның ұзақ мерзімге бағытталған тұжырымдамасын жасап шығару болып табылады. Бұл бағдарлама дұрыс анықталған ұлттық мүдделерді, дамудың жергілікті дәстүрлерін, ұйымдасудың қазіргі танылған принциптерін ескеруге негізделуі тиіс. Бұл көзқарас Орталық Азия мемлекеттерінің дамуының стратегиялық келешегін айқындауға көмектеседі. Бұған қоса бірігудің халықаралық үлгілерін ескеру қажет [3, 7].

Біріншіден, аймақтық элиталар ортақ саяси, экономикалық және мәдени кеңістік құруға біріге ұмтылуы қажет. Модернизация немесе

жаңару дәстүрлі бастауларға сүйенуі керек. Қазіргі таңда Орталық Азияның ішкі конфронтациялық әлеуеті аймақтың байланыстық, ақпараттық және технологиялық оқшаулылығын еңсеруге күш салу керек.

Интеграцияны сәтті іске асыру үшін бірқатар мәселені ескеру қажет. Мысалы, білікті аймақтық басқару, құзырлылық, ішкі ұлттық және аймақтық саясаттың әлеуметке бағытталуы, паракорлықты тежейтін әділ басқару жүйесі.

Орталық Азия басшылары мемлекеттерінің дүниежүзілік сахнада өзіне лайықты орнын табуы үшін мемлекеттік институттарды заманауи деңгейге көтеруге мүдделі. Орталық Азияда басты демократиялық принциптерге арқа сүйейтін мемлекеттік жүйе құру, білікті басқару әкімшілігінің болуы, күллі халықтың мүдделерін ескеретін мемлекеттік саясаттың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету қажет.

Орталық Азияда суды пайдалану мәселесі аса күрделі. Соңғы жылдары осы мәселеге байланысты туындаған жанжалдар аймаққа қауіп төндіріп тұр. Қырғызстан мен Тәжікстан мұнай мен газға ие емес. Десек те, аймақтағы өзендер осы елдерден бастау алады. Аталмыш екі ел бұл мүмкіндікті электр қуатын дамыту үшін пайдаланады. Осы мақсатта ауқымды гидротехникалық құрылыстар іске асуда. Өзбекстан, Түркіменстан мен Өзбекстан осы жобалардың экологиялық салдарларынан қауіптенеді. Көршілес елдердегі су ресурстарының көлемінің күрт түсіп кетуі жағдайында Өзбекстанның ауыл шаруашылығына, әсіресе мақта шаруашылығына үлкен қауіп төніп тұр. Сондықтан суды пайдалану мәселесі Өзбекстанның Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы бітпейтін жанжалдың себебі. Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, тиісті сараптама өткізбей тұрып плотиналарды салмау керек.

Қырғызстан мен Тәжікстан соңғы жылдары Қазақстанның экономикалық және саяси салмағын мойындап, аймақтық интеграция аясындағы бастамаларын мақұлдай бастады. Бұларға қарсы салмақ ретінде, Өзбекстан соңғы кезде Түркіменстанмен жақындаса бастады. Екі мемлекет Қырғызстан мен Тәжікстанға қарсы ұстанымда. Алайда Өзбекстан газ, газ өндірісі мен тасымалы салаларында Түркіменстанның өзіне бәсекелес болып тұр.

Іс жүзінде Өзбекстан мен Түркіменстан бейресми блок құрып отыр және суды пайдалану мәселесінде ұстанымдарын бір-бірімен сәйкестендіріп отыр. И.Каримовтың өзінің айтуынша, су мәселесі шешу үшін Қырғызстан мен Тәжікстанның қатысуы міндетті емес. Ислам Каримов ешқандай мемлекеттің, тіпті

Ресейдің де Орталық Азияның ішкі су-энергетикалық мәселесіне араласа алмайтынын ашық айтты [4, 2].

Екінші жағынан, Ресей Қырғызстанның энергетикасына ықпал ете алады. Осы арқылы Ресей, Өзбекстан мен Қазақстанның оңтүстігіне түсетін суды қадағалай алатын болады. Себебі, мәселе саяси мүддеде жатыр. Ресей И.Каримовтың мәлімдемесіне қарамастан, аймақтың су мәселесіне де араласа алатынын білдірді.

Өзбекстан мен Қырғызстан арасында су ресурстарына қатысты туындаған күрделі проблема Ош пен Джалалабад қақтығысының салдарынан тіпті «ушығып» кетті. Бұл қақтығыстың тууына су дауының салқыны да тиюі мүмкін. Ресей Қырғызстанмен жақындасу арқылы Өзбекстанға сес көрсетуде, оны әдейі елемеуде.

Ташкенттің шекаралық мәселелерді шешудегі қаттылығы Қырғызстан мен Тәжікстанды «қорқытып жіберді». Бұл жағдай Өзбекстанның аймақтық көшбасшылыққа жету жобасын жүзеге асыруын қиындатып жіберді. Қырғызстанға мәдени және этникалық тұрғыдан жақын Қазақстанмен ынтымақтасу тиімдірек.

Тәжіктер де Өзбекстанның өктем саясатына наразы. Интеграция идеясы Тәжікстанның үлкен қызығушылығын тудыра қойған жоқ. Қазақстанмен немесе Иранмен бірігу Душанбе үшін анағұрлым қызықтырақ. Тәжікстан мен Қырғызстанның Қазақстанды серіктес ретінде таңдауы оның мәдени ұстанымы мен экономикалық жетістіктеріне тікелей байланысты еді. Осыған байланысты, Өзбекстан Қазақстанға айып таға береді.

Сарапшылардың көбісі Орталық Азияда тиімді интеграциялық құрылымдардың қалыптасу мүмкіндігін жоққа шығарады. Интеграцияның алдында тұрған ең басты кедергі ретінде аймақтағы елдердің геосаяси тәуелділігін аталады.

Тәжік сарапшысы Саймуддин Дустовтың пікірінше, Орталық Азиядағы кез келген интеграциялық үдерістер толық қолдау таппайды. Оның ойынша, алдағы 15-20 жылда Орталық Азияда ешқандай құрылымдық өзгерістер орын алмайды. Әзірше, аймақтағы мемлекетаралық қатынастарда туындайтын проблемалар көбінесе Өзбекстанмен байланысты болып тұр.

2008 жылы И.Каримовтың ҰҚКҰ мен ЕурАзЭО ұйымдарын біріктіру туралы ұсынысы қолдау таппаған соң, Өзбекстан соңғысының құрамынан шығады. 2009 жылдың күзінде Өзбекстан біржақты түрде Орталық Азия энергетикалық жүйесінен шығатындығын жариялады. Орталық Азияның интеграциясына күмәнмен қарайтын саясаттанушылар Қазақстанда да жетерлік. Қазір Қазақстан өзіне тілдік және

мәдени жақын Қырғызстанға ықпал жүргізумен шектеліп отыр.

Десек те Өзбекстан Қырғызстан мен Тәжікстанмен арадағы күрделі қатынастарды жалғастыра береді. Ташкент Қазақстанның артында Ресейдің тұрғанын біледі. Сондықтан Ташкент көбінесе Батысқа және Азия-Тынық мұхиті аймағына бет бұрады.

Өзбекстан ғаламдық экономикалық жүйеге толық еніп, өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін дүниежүзілік саясат пен экономиканың басты өзгерістері мен бағыттарын анықтап, оларға бейімделуі тиіс. Өзбекстан үшін бұл мәселені ең аз шығынмен шешудің бірден бір жолы аймақтық интеграция болып отыр.

Ғаламдық бәсекелестіктің осындай қиындықтарына төтеп беру үшін Өзбекстан экономикалық мақсатта аймақтағы көршілес елдермен бірігуге мәжбүр. Орталық Азияның экономикалық ынтымақтасуы - «жаһандануға аймақтық ынтымақтасу арқылы енуді» білдіреді.

Өзбекстан Республикасы – бұл халықаралық қатынастарда өз-өзіне сенімді, белсенді мемлекеттік құрылым. Бірақ, елдің экономикалық тұралауының созылыңқы сипаты, көршілес жатқан елдердің өзбек басшылығының ұстанымдарының өзгермелілігінен қажуы, аймақтан тыс ірі халықаралық державалардың, мүдделі және белсенді құрылымдардың бақталастығы (Ресей, АҚШ, Қытай, Еуропа Одағы), ішкі және сыртқы саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайдың қарама-қайшылықта дамуы елдің сыртқы саяси бағытына айтарлықтай өз салқынын тигізді. Өзбекстанның И. Каримов бастаған саяси басшылығы Ресейдің қамқорлығындағы ҰҚҚУ,

ЕурАзЭО, ШЫҰ сияқты аймақтық және халықаралық ұйымдарға біресе мүше болады, біресе олардан шығып, Ресейге қарсы батыстық бағытты ұстанып келді.

Ташкенттің қазіргі сыртқы саясаттағы басты ерекшелігі оның өзгермелілігінде жатыр. Алайда оның саяси мүдделері тұрақты. Өзбекстан ОА аймағында лидер болуды көздейді.

Экономикалық интеграцияның іске асуына алып келетін сауда-экономикалық байланыстарды жеделдетпей, аймақтың экономикасын дамыту жөнінде нақты іс жүзіндегі жобаларды қолға алмай, Орталық Азия елдері әсіресе сыртқы тұрақсыздық факторларынан және қауіп-қатерлерден құтыла алмайды. Орталық Азияда шынайы саяси-экономикалық ықпалдасуды қамтамасыз ету үшін алдымен аймақтық лидерлердің жеке келісімі мен татуластығын қамтамасыз ету қажет.

1. [O'zbekiston va xorijiy davlatlar - http://mfau.uz/uzb](http://mfau.uz/uzb)
2. <http://www.centrasia.ru/news>
3. <http://www.fergana.ru>
4. O'zbekiston Respublikasi Tashqi ishlar vazirligi - <http://mfau.uz/uzb>

В данной статье рассматривается процесс интеграции в Центральной Азии, также изучается роль Республики Узбекистан в развитии интеграционных процессов в регионе. Автором статьи дается анализ основных проблем и вопросов интеграционных процессов в Центральной Азии.

In this article integration process in Central Asia and disintegrative role of Uzbekistan are considered. Author of the article analyzes basic issues and problems of the integration process in the mentioned region.

Р.М. Мустафина

МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ

в конце XX – начале XXI вв.

В статье предпринята попытка на основе этнографических исследований автора показать наряду с деятельностью культовых учреждений и религиозных учебных заведений, уровень религиозного образования служителей исламского культа и религиозности населения Северо-Казахстанской области в конце 90-х годов прошлого века - в начале 2000-х годов нашего столетия.

Мечеть в г. Сергеевка (Сергеевского р-на Северо-Казахстанской обл.). Имам мечети, или, по его словам, просто мулла, Ш. Шаймерденов (1964 г. рожд.) два года учился в медресе Сарыагашского района Южно-Казахстанской облас-

ти, которое осуществляло 4-х годовичное и 6-ти годовичное обучение взрослых и детей. Однако диплом не получил. По направлению начал работать в мечети в г. Сергеевка. Прежде чем приобщиться к религиозной деятельности, учился в Петропавловском педагогическом индустриальном техникуме, работал учителем черчения, труда в Аксуской школе. Заочно учился в Целиноградском инженерно-педагогическом университете. За год до окончания учебы он оставил университет и поступил в медресе.

Раньше в Сергеевке мечети не было. Она открылась в 1994 г. Последние два года она размещалась в помещении бывшей библиотеки.

Прихожане мечети – в основном, пенсионеры в возрасте свыше 60 лет. На жума намаз в зимний период приходили 5 – 6 человек, а летом – более 10 человек. Ежедневный пятикратный намаз верующие, в том числе женщины, совершали дома. Обычно женщины приходили в мечеть, чтобы попросить имама прочитать Коран или взять у него тумар (амулет с фрагментом Коранического текста). Многие местные жители, человек 60, в основном женщины, как пожилые, так и молодые, и даже дети соблюдали пост (ораз). На Курбан и Ораза айт в мечети собирались более 100 человек. С вопросами по основам исламского вероучения, шариата к имаму обращались не только взрослые, но и дети, хотя их было немного, примерно два–три человека. В местной общеобразовательной школе имам преподавал арабский язык. Часто в мечети совершали обряды «неке кыю», «азан шақыру», «ат кою». В мечети проводился и конкурс на лучшее чтение Корана.

Мечеть в с. Булак (Есилского р-на Северо-Казахстанской обл.). В 1925-1926 гг., по свидетельству старожил, «местная комсомольская ячейка ликвидировала мечеть, полностью ее разрушив». Эта мечеть действовала до 1925-1926 гг. на территории сельского округа, в который входили села Булак, Актас, Карагай. Она была построена на средства кажы (хаджи) Омаргали, который дважды совершил паломничество к святым местам.

Новая мечеть была открыта в 1993 г. Планировалось также открыть при мечети школу для детей. Мулла (1946 г. рожд.), – самоучка, в прошлом мастер по трудовому обучению, окончил трехмесячные курсы при Петропавловской мечети, которые вел ученый, богослов, «хаджи из Турции». Дед муллы был уважаемым священнослужителем, совершившим хадж в начале XX века. В с. Булак ораза соблюдали человек 50–60, мужчины, женщины и 15–20 молодых людей, а также школьники. Из уроженцев этого села хадж в Мекку-Медину в 1998г. совершил Марат Сарсенбаев (1962 г. рожд.).

Мечеть в с. Жаргайын (Есилского р-на Северо-Казахстанской обл.: население – около 60 дворов, примерно 300–350 чел.). Мечеть действовала с 1991 г. В то время эта была первая мечеть в сельской местности в Северном Казахстане. Прежняя мечеть была разрушена в 1932 г. Мечеть посещали только пожилые люди: обычно – 5-6 человек, иногда – 10-15. На Курбан-айт, Ораза-айт в ней собирались около 500 человек, включая верующих из соседних селений. Имам Зайнулла Аблаев (1929 г. рожд.) в 1948–1950 гг. учился в медресе Мир-и Араб. Так как значительная часть мечети пустовала, имам хотел отдать ее под местный «Дом ста-

рости». Сам он собирался в 1998г. переехать в с. Новокаменка.

Мечеть в с. Жанажол (Жамбылского р-на Северо-Казахстанской обл.) действовала с 1996 г. Прежняя мечеть была разрушена в 1930 г. Имам Мукали Дюсенулы до выхода на пенсию работал бригадиром, учетчиком в тракторной бригаде. Лишь в возрасте 75 лет, став муллой, он начал читать на казахском языке книги: «Мухтасыр», «Құран Хатым», «Иман-шарт»; раньше читал лишь отдельные аяты. В отличие от него, две его сестры и брат владели арабской графикой. Обычно он совершал обряд «жаназ», свадебный обряд: «аят во время обряда неке кыю читал по бумажке», а также обряд имя наречения. Из-за преклонного возраста ему трудно было запомнить необходимый текст. Знал 15 аятов из молитвы «Яссин», «Табарет», а также десять разных коротких сур. Около 50 местных жителей соблюдали пост. Большинство из них были женщины, и лишь 4–5 стариков. Намаз совершал только он. В местную мечеть приходили и верующие из с. Сабит. Проводили в мечети ночь предопределения Ляйляту-аль-Кадр. На Курбан-айт и Ораза-айт в местной мечети собиралось много людей, в основном местные жители.

Первая мечеть в Петропавловске – Кок-мечеть открылась в 1946 г.

В с. им. Искандера Ибраева (Сергеевского р-на Северо-Казахстанской обл.) мечети в рассматриваемый период не было, не было здесь и муллы. Для обряда «жаназ», говорил Коспан Нурпеисов (1957 г. рожд.) приглашали муллу из с. Сергеевка. Никто из местных жителей не читал намаз, ораза соблюдали 10-15 человек, большинство из которых были женщины. Курбан-айт и Ораза айт местные жители отмечали: резали барана, жарили баурсаки вместо ритуальных лепешек (жеті шелпек).

В с. Аксу (Сергеевского р-на Северо-Казахстанской обл.) мечети также не было. Как отмечал Габбас Жаукенов (1916 г. рожд.), в прошлом учитель, многому в области религиозных знаний местных жителей обучил молда Алтымбай Байсеитов, 28–29 лет, получивший четырехгодичное образование в Духовном институте. В 1997–1998 гг. пост в селе соблюдали 24–28 человек. Примерно, 10 местных жителей читали намаз. Курбан-айт и Ораза-айт сельчане проводили в местной школе.

В с. Мерген/Чапаево (Сергеевского р-на Северо-Казахстанской обл.) на протяжении трех лет года обязанности муллы выполнял Егиз-молда Казымбетулы (1933 г. рожд.). По словам Егиз-муллы, интерес к религии у людей возрос, даже у молодежи, но все же таких людей мало, поскольку все они воспитывались при советской

власти. Людей, совершавших пятикратный намаз, в селе почти не было: «только Карашалов, которому 58 лет, читал намаз». Десять женщин, в возрасте 60 лет и старше, соблюдали ораза. Праздники Курбан-айт, Ораза-айт отмечали все жители села: совершали жертвоприношение («құрбан береді») - резали скот. В селе не было ходжей (қожа). Егиз-молда ходил к имаму мечети с. Сергеевка на занятия арабским языком. Егиз-молда учился по таким книгам и учебным пособиям, как: Мейрамов Зекен. Дұға. Алматы, 1991 г.; К. Ламашарипов, К. Сакиев. Намаз тағлымы. Алматы: Қаламгер, 1990, 76 бет; Құран Хатым, аруақтарға арналып оқылатын сүрелер мен аяттар. Намаз тағлымы. Құран Карим. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай; Өңдеуші Дөлелхан Жаналтай. Редакциялаған: Абдурахим Алтай; Екі харамның қызметкері; ФАИА патшаның Құран шарифі. Басым комбинаты.

В с. Жалтыр (Сергеевского р-на Северо-Казахстанской обл.) мечети не было. По словам местного жителя, Кари Жиинтаева (1924 г. рожд.), муллу для совершения необходимых обрядов приглашали из Сергеевки. Из местных жителей села «обряды и молитвы знал только 90-летний Жаклай». Он раньше был муллой, читал Коран, совершал обряд «жаназы». В селе никто из местных жителей намаз не читал. Сам Кари знал несколько аятов, ораза не держал, из-за плохого здоровья.

В с. Берлик (Есилского р-на Северо-Казахстанской обл.) Мечеть была разрушена в советское время. С тех пор в селе не было мечети. Местным муллой считался Нургали Жарлыгапов (1906 г. рожд.). Читать Коран еще в детстве его научил Амир Хабибулла-кажи. Намаз в рассматриваемый период в селе никто не читал. Пост соблюдали 4-5 человек. Сам он читал намаз дома. Совершал обряд жаназа.

В с. Енбек (Есилского р-на Северо-Казахстанской обл.: население около 70 дворов, 350 чел.) мечети не было. Ближайшая мечеть была расположена в с. Явлинка. Бахытжан Хусаинов (1929 г. рожд.) научился чтению молитв у 82-летней сестры, которая когда-то училась в медресе. Верующих стариков в селе было человек десять. Пост в селении никто, кроме двух женщин преклонного возраста, не соблюдал. На Ораза-айт и Курбан-айт десять пожилых мужчин и две женщины ездили в мечеть в Явлинку. Б. Хусаинов также был намерен начать соблюдать пост, поскольку «возраст подходил и он испытывал неловкость перед людьми». Для совершения обряда жаназа специально привозили муллу из Явлинки.

В с. Амангелды (Жамбылского р-на Северо-Казахстанской обл.) местным муллой с 1998 г.

являлся Абдилбари Толегенулы (1915 г. рожд.). Несмотря на свой преклонный возраст, он совершал обряд «жаназы» и другие необходимые обряды. По словам Абдил Бари Толегенулы, молодой имам из соседнего села, «не очень образованный», обычно приглашал его для совершения пятничного намаза.

В с. Азаул/Лосевка (Зерендинского р-на Северо-Казахстанской обл.) мечети не было. В 1998 г. муллой стал Мураткан Накенов (1935 г. рожд.), поскольку местный мулла, будучи в преклонном возрасте и по состоянию здоровья, не мог выполнять свои обязанности. Отец Мураткана также был муллой. Но, в основном, он из книг почерпнул необходимые религиозные знания и по ним научился религиозной практике. Арабским языком не владел. Читать намаз начал с 1960г.

В с. Сабит (Жамбылского р-на Северо-Казахстанской обл.) мечети не было. Ближайшая мечеть находилась в с. Жанажол. Айтжан Казиканқызы Сарсекова (1925 г. рожд.) соблюдала ораза второй год. Супружеская чета Жусуповых соблюдали пост уже три года. Кузнец Салик Жусупов (1922 г. рожд.) читал аяты. В селе он слыл муллой самоучкой. Восьмидесятилетний местный мулла арабский язык не знал. Использовал переводы с арабского языка. Для обряда «жаназы» сельчане приглашали муллу из с. Жанажол.

В с. Айтұар (Жамбылского р-на Северо-Казахстанской обл.) лишь 6–7 человек совершали намаз.

Этнографические материалы автора, которые легли в основу настоящей статьи, выявили особенности религиозной жизни в Северо-Казахстанской области в конце 90-х годов прошлого столетия - в начале 2000-х годов нашего столетия. Религиозная жизнь верующих в Северо-Казахстанской области в рассматриваемый период особой активностью не отличалась, даже, несмотря на миссионерскую деятельность зарубежных теологов. Уровень религиозности местного населения в определенной степени был связан с наличием или отсутствием культовых учреждений в населенном пункте. А в этот период далеко не во всех населенных пунктах действовали мечети и медресе. Но и там, где имелись мечети, религиозность населения не претерпела заметных изменений. Недостаток квалифицированных служителей исламского культа также способствовал сохранению низкой религиозной активности верующих в сельской местности. Муллы-самоучки в рассматриваемый период в Казахстане были не редкостью, хотя, конечно, по сравнению с советским периодом и с первыми годами существования суверенной республики, их стало значи-

тельно меньше. Обычно представители мусульманского духовенства руководили пятничными и праздничными службами, участвовали в погребально-поминальных обрядах (чтение «жаназы» и поминальных молитв, совершение фидии/дәуір), совершали обряды бракосочетания (неке) и имянаречения.

О том, что отсутствие мечетей в населенных пунктах, в особенности в отдаленных аулах и поселках Казахстана, значительно снижало идеологическое влияние духовенства и уровень религиозности местного населения свидетельствуют и материалы С.Е. Ажигали, обследовавшего поселки Жетысу [1, 57].

Тем не менее, общие тенденции возрастающей роли ислама в Казахстане [2, 3] бесспорно оказали воздействие и на религиозную жизнь в исследуемом регионе. В эти годы в Северо-Казахстанской области наблюдался процесс постепенной замены малограмотных мулл сравнительно образованными служителями исламского культа. Священнослужители и простые прихожане стремились повысить свой уровень религиозного образования. Широкое распространение получил обряд бракосочетания «неке кыю» и другие мусульманские обряды, а также исламские праздники. Можно рассматривать это явление как легализацию, а в некоторых случаях как реабилитацию многих традиционных обрядов свадебного, погребально-поминального и иного характера [4, 221].

1. Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х // Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем: сб. ст. – Алматы: Гылым, 2001 г. – С. 35-98.

2. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казах-

стане в конце XIX – XX вв.). – Алма-Ата: Казак университеті, 1992. – 176 с.

3. Мустафина Р.М. Ислам и реликты доисламских мировоззренческих традиций у казахов. – Астана, 2010. – 260 с.

4. Уразманова Р. Ислам в семейно-бытовой обрядности татар; традиция и современность // Иордан М.В., Кузеев Р.Г., Червоная С.М. Ислам в Евразии. Современные этические и эстетические концепции суннитского ислама, их трансформация в массовом сознании и выражение в искусстве мусульманских народов России. – М., 2001. – С. 218-224.

Материалы этнографических исследований показали, что религиозная жизнь в Северо-Казахстанской области в рассматриваемый период особой активностью не отличалась, даже, несмотря на миссионерскую деятельность зарубежных теологов. Уровень религиозности местного населения в определенной степени был связан с наличием или отсутствием культовых учреждений в населенном пункте. Недостаток квалифицированных служителей исламского культа способствовал сохранению низкой религиозной активности верующих в сельской местности. Муллы-самоучки в рассматриваемый период в Казахстане были не редкость.

Тем не менее, общие тенденции возрастающей роли ислама в Казахстане бесспорно оказали воздействие и на религиозную жизнь в Северном Казахстане.

The materials of the ethnographic research revealed, that the religious life in the Northern-Kazakhstan region that period was not active even despite the missionary activity of the foreign theologues. The shortage of religious institutions and the well educated Muslim clergy in villages promoted the low level of religiosity of believers in rural region. Self-made mulla (representative of the Muslim clergy) was not the rare phenomena that time. Nevertheless the general tendencies of increasing of the role of Islam in Kazakhstan influenced on the religious life in the Northern Kazakhstan region.

Л. Мұхтар

ГЛОБАЛЬНЫЕ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ ЯПОНИИ ВО II ПОЛОВИНЕ XX – НАЧАЛЕ XXI ВЕКА

Исторически сложилось, что Япония сыграла уникальную роль как наиболее социально экономически развитой страны в Азии, конкурируя с Западом на относительно равных условиях. Учитывая различия политической власти Японии в довоенный и послевоенный период, эта страна всегда стремилась получить широкое влияние на мировой арене с момента реставрации Мейдзи 1868 года. В довоенный период, Япония использовала все свои ресурсы и энергию, для того чтобы присоединиться к клубу богатых и влиятельных западных стран, выдвинула амбиции объявив о намерении "обогащить

нацию и укрепить вооруженные силы". Также и в послевоенный период, Япония проводила масштабные работы по восстановлению от катастрофы во Второй Мировой войне. Восстановление экономики было необходимым шагом в создании будущего для Японии, но ключевой задачей японской внешней политики в послевоенный период было стремление восстановить центральное положение в Азии [1]. Япония, извлекая уроки из национальной трагедии, сумела разработать стратегию мирного развития в основе, которой было два главных принципа:

Во-первых, Япония официально отказалась

от использования военной силы в международных отношениях, что было зафиксировано в конституции 1947 г. и последующие годы этот миролюбивый курс получил дальнейшее развитие.

Во-вторых, оказавшись в условиях “холодной войны” и биполярного мира Япония пошла на сближение с США. Подписанные японо-американские договоры (1951 и 1960) обеспечили прочный военно-политический союз двух стран. Получив надежную гарантию военной защиты, эта страна смогла сосредоточиться на решении своих внутренних проблем [2]. Основываясь на данных принципах, Япония, восстановив дипломатические отношения со странами бывшими военными противниками, приобрела статус равноправного члена международного сообщества. Однако ввиду того, что 50-60-е годы XX века Япония играла на международной арене второстепенную роль, она принимала участие в решении лишь местных, региональных проблем. Быстрый экономический взлет страны, ее выход на передовые рубежи в мировой экономике выявили несоответствие реального удельного веса Японии в мировом хозяйстве ее месту в международной политике. Поэтому для Японии одним из путей к достижению желаемой цели было создание региональных институтов. Еще в 1957 г. премьер-министр Киси Нобусукэ выдвинул идею создания Азиатского фонда развития, что ознаменовало собой активизацию азиатского направления японской дипломатии и стало отправной точкой реализации долговременной стратегии укрепления своих позиций с помощью торгово-экономических инструментов. При этом внешнеэкономические связи рассматривались как надежный фундамент японской внешней политики. В июне 1962 г. в Японии была создана Государственная Организация по техническому сотрудничеству с зарубежными странами, которая ставила своей целью дальнейшее увеличение японской технической помощи развивающимся странам. Эта организация ведала всей японской технической помощью, осуществляемой на государственные средства на основе межправительственных соглашений.

С 1962 г. до середины 1964 г. Организация по техническому сотрудничеству с зарубежными странами провела в странах Азии 7 консультаций по программам развития и 15 предынвестиционных исследований. Консультации и обследования были проведены также в Таиланде, Бирме, Малайзии, Индонезии, Камбодже и на Филиппинах [2].

С начала 70-х годов XX века американские политические стратеги начинают довольно ак-

тивно развивать идеи необходимости создания некоего экономического сообщества в западной части тихоокеанского бассейна. Зб.Бжезинский видел в Японии “страну, далеко продвинувшуюся по пути превращения в важнейшую международную силу, в господствующую в Азии экономическую державу и - при поощрении со стороны Америки - даже в главного члена новой “Азиатской сферы процветания”. Также в 70-е годы в Японии оформилась концепция “культурной дипломатии”, которая также наряду с политическим и экономическим сотрудничеством была одним из важных направлений внешней политики. Суть заключалась в улучшении образа путем организации культурных обменов. Эта дипломатия была адресована в первую очередь странам, нуждающимся в “хорошо сбалансированном социальном и культурном развитии” [3]. Провозглашенная в 1977 г. Доктрина Фукуды стала кульминацией первых попыток преследования региональной политической роли и таким образом эти процессы положили начало глобализации японской внешней политики, что свидетельствовало об официальном признании ее важной роли в мировом сообществе [1].

Так в 1980-е гг. Япония набирает определенный успех в установлении своих позиций как регионального экономического лидера, проводя стратегию предоставления широкой помощи, торговли и инвестиций. ОПР программы формулировались с точки зрения «всеобъемлющей безопасности» - концепции, разработанной в начале 1980-х для интеграции экономических и социальных аспектов государственной политики в области безопасности людей и их благополучия [5].

Кроме того, Япония как активный участник международных процессов с середины 1980-х годов начинает активно вводить в язык международного общения термин “АТР”, под которым она понимает не только географическое, но и политико-экономическое содержание. Именно такое видение легло в основу создания в 1989 г. Азиатско-Тихоокеанского экономического сообщества, (АТЭС) которое можно назвать как «региональное сотрудничество, открытое для всех». В этом качестве АТЭС способствовала либерализации и нормальному ходу внешней торговли и инвестиций, а также экономическому и технологическому сотрудничеству в самых широких областях, тем самым, поддерживая, прежде всего высокий динамизм экономического развития АТР.

Поэтому Япония в сложившейся обстановке в АТР проявила высокую активность в рамках задачи обеспечения стабильности безопасности

в регионе и действовала по трем главным направлениям:

-принимала участие в мировом международном сотрудничестве совместно с силами, поддерживающими глобальный мир путем создания условий для смягчения напряженности и обеспечения всеобъемлющей безопасности;

-поддерживала диалог по проблемам обеспечения безопасности;

-налаживала сотрудничество с международными организациями и органами, осуществляющих международные инспекции и контроль над предотвращением распространения оружия массового уничтожения [6].

- Method 3. Introduce other measures designed to change the culture-bound attitude of the Japanese and their subconscious motivations, something that could not be achieved by rational appeal [1, 81].

It was precisely third method that Dulles thought should be adopted to make US-Japan bilateral relations lasting. The focal point, of course, was on cultural relations.

John Rockefeller agreed with Dulles on the merits of cultural interchange. Rockefeller believed that the long-term relationship between Japan and United States rested, in turn, on combination of political, economic, and cultural relations. He broadly defined the term “culture” as relating to the life of people as whole – that is, covering their interests and activities other than in the field of politics and business. It included the arts, sciences, philosophy, religion, entertainment, health, sports, literature and education [15].

Rockefeller believed that cultural interchange was essential to world peace, because it helped to make the peoples of different countries more aware of their common origins. He recognized that cultural relations might not in themselves make peace, but that one could not envision peace without them. In his opinion, a sound and enduring relationship between countries had to be based on shared values. It was posited that broadening the community of interest among nations and peoples would lead to the establishment of a world order and the assurance of international peace and stability. Rockefeller also believed that cultural interchange had to be based on three principles: 1) the concept of the two-way street; 2) the idea of a joint collaborative enterprise by the two nation involved 3) public and private coordination and cooperation. After returning back to US, on April 19, 1951 Rockefeller submitted to John Foster Dulles the report “United States – Japanese Cultural relations”. It was welcomed gratefully as the first comprehensive study ever made of US-Japan cultural relations. His report recommended implementation of the following initiatives to reach the intellectual leadership in Japan: 1) establishment of the cultural center in Tokyo; 2) establishment of an international house for students in Tokyo and Kyoto; 3) continuation of the exchange program for national leaders and students; 4) pursuit of an extensive program of material interchange [1, p.116].

Dulles, too, recognized the importance of cultural interchange; it was to create mutual under-

standing and respect between the peoples involved. For him, mutual understanding meant mutual respect for one another's way of life, culture and achievement; mutual sympathy with one another's problems; and a friendly, trusting relationship. He hoped that through cultural interchange the peoples of Japan and the United States would have a sympathetic appreciation and understanding of their desires, thoughts, ideas and aspirations of each other and of their respective way of life. Thus American leaders believed that shared values were a key concept in cultural interchange: "there is no basis for cooperative activity if no values are shared." [1, 102]. Moreover, stressing the significance of cultural interchange, Milton Eisenhower, who was President Dwight Eisenhower's brother, was quoted as saying that "economic cooperation, political cooperation and military cooperation may break down under the strain crisis unless there is much more than superficial understanding of one another's culture, problems, and aspirations" [16, 564].

In conclusion:

In conclusion I would like to agree with Professor Takeshi Matsuda in the point that, even if American Government had an intention to make cultural interchange between Japan and US mutual, it had not gained a great success. The influence of the American culture was much stronger than Japan's side. The post-war American rulers used culture as United States soft influence as well as the politics and economics. They recognized the very importance of these three elements in winning success in foreign country, in this case Japan. The intention of the Rockefeller was to build up the friendly relationship by shared values between two nations, but in fact the value came only from "victor" side. As Tetsuo Kogawa mentions in his "Japan as a manipulated society", in the post-World War II period Japanese way of life was fully utilized to produce an Americanized consumption-oriented society. He stresses that Americanization began in Japan in the mid-1950s, when American advertising and marketing techniques were introduced by Dentsu Co. and a television broadcast company (NHK) began operating in 1953. Thirty years ago, no one would have imagined that Japanese society would be filled with more Americanized commodities than the United States itself. We can say that public affair officers of the US government had not only a clear vision of what was expected of America as a hegemonic nation, but also a clear understanding of what could be accomplished by American soft power from the very beginning of occupation in Japan. In this sense they tried their best in imposing American thoughts and cultural values. Maybe the situation in

contemporary world had changed a little bit, when instead of "Americanization" we can hear word "Japanization" ("Japanimation", J-Wave, J-pop etc.). I think that US-Japan cultural relationship still remains its value as soft power of both countries.

1. Takeshi Matsuda, *Soft Power and Its Perils: U.S. Cultural Policy in Early Postwar Japan and Permanent Dependency*. (Washington D.C: Woodrow Wilson Center Press, 2007) p.3.
2. Morito Tatsuo, *Heiwa kokka no kensetsu* [The construction of peaceful nation], *Kaizo* (January 1946): 3-16.
3. Iwamoto Shigeki, 'Blondie', (Sociology Department Journal, Kansai College No. 78 No. 78: 155-166, 1997; 1998: p.147-158).
4. Shunya YOSHIMI (Translated by David BUIST), "America" as desire and violence: Americanization in postwar Japan and Asia during the Cold War (Inter-Asia Cultural Studies, Volume 4, Number 3, 2003) web.mit.edu/.../cooljapan/.../YoshimiShunya03AmViolDesire.pdf
5. Varlay, Paul. *Japanese Culture* (Honolulu: University of Hawaii Press, 2000).
6. Beasley, W. G., *The Modern History of Japan*. (London: Frederick A. Praeger Publisher, 1963).
7. Nye, Joseph S., Jr., *Soft Power: The means to success in World Politics*. (New York: Public Affairs, 2004).
8. Ishikawa Hiroyoshi, Fujitake Akira & Ono Kousei (eds) *American Culture*. (Sanseidou, 1981)
9. Kuisel, Richard, *Seducing the French: The Dilemma of Americanization*. (Berkeley: University of California press, 1993)
10. Jessica C.E. Gienow-Hecht, "Art Is Democracy and Democracy Is Art: Culture, Propaganda, and the Neue Zeitung in Germany, 1944-1947", *Diplomatic History* 23, no.1 (1999):29
11. Robert F. Arvone, ed., *Philanthropy and Cultural Imperialism: The Foundations at Home and Abroad* (Boston: G.K.Hall, 1980)
12. *Japanese Peace Treaty Problems, First Meeting, October 23, 1959*. Council on Foreign Relations Study Group Report, Manuscript division, Council on Foreign Relations, New York.
13. Tanaka Kotaro, *Cultural Interchange between Japan and America*. (Tokyo Times, February 21, 1951)
14. *American Cultural Relations with Japan*, Sixth Meeting, June 3, 1953.
15. "Proposed Cultural and Student Centers", memorandum dated November 15, 1951.
16. Quoted in Francis J. Colligan, *The Government and Cultural Interchange* (Review of Politics 20, no. 4, 1958), p.564.

Бұл мақала жапон-америка мәдени қарым-қатынасы кеңінен сипатталып, АҚШ-тың «жұмсақ күш» ретінде сыртқы саясатында пайдаланған мәдениеттің жапон қоғамы мен өміріне тигізген әсерін талдайды. Әсіресе соғыстан кейін оккупацияланған Жапонияда жүзеге асырылған АҚШ «мәдени империализмі» саясатының қазіргі таңға дейін жапондықтардың дүниетанымы мен өміріне тигізіп келген ықпалын баяндайды.

В данной статье описывается и анализируется японско-американские культурные взаимоотношения, где особое внимание уделяется культуре как «мягкой

силе» во внешней политике США. Также данная статья рассматривает влияние «культурного империализма»

Америку на жизнь и взгляды японского народа, которое имеет силу даже в современном японском обществе.

А.Ә. Түргенбай, С.С. Тастанбекова

ДӘСТҮРЛІ ҚЫТАЙ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ

Бас ию, бас ию және тағы да бас ию – әйелдің ең басты игі ісі еді.

Конфуцийшілдік пікір бойынша, жер бетінде бәрінің үстінен еркектер үстемдік етіп, ал әйелдер болса, оларға бағынады, сол себепті олар үш ережені ұстануы керек: қыз күнінде әкесі мен ағаларына бойұсыну, тұрмыс құрғанда – жарына, ал жары қайтыс болғасын – үлкен ұлына бағынуы керек деп саналды.

«Егер мен бір құсқа тұрмысқа шықсам, мен оның артынан ұшуым керек; егер бір итке күйеуге шықсам, ол жүрген жермен жүріп, ізін қуалауым керек; егер иесіз бір кесек жерге шықсам, мен оның жанында отырып күзетуге міндеттімін», - дейді ескі қытайлық өсиет сөз.

Міне, біз дәстүрлі қытай отбасындағы әйелдің орнын дәл осы тұстан көре аламыз.

XX ғ. басында П. Лоуэль дәстүрлі қытайлық отбасы жайында: «Өз тағындағы император үшін және өз лашығындағы қарапайым жұмысшы үшін де барлық нәрсе отбасылық жақындық идеясында болады. Империя өз кезегінде үлкен отбасыны құраса, ал отбасы кішкентай мемлекет болып табылды»-деп жазған болатын. Мұнда да конфуцийлік отбасы қағидасының басымдылығын байқауға болады.

Біз білетін аспан асты елінің дәл қазіргі даму барысын ескерсек, қазіргі қытайлық отбасы және ондағы әйелдің орны мен қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін анықтауда дәстүрлі көзқарастарды білудің маңызы зор болуы бұл тақырыпты тандауымыздың негізгі себебі болып отыр.

Ұзақ уақыт бойында Қытайда әйелдердің қоғамдағы орны еркектерге қарағанда анағұрлым төмен болды және әйелдермен мүлдем санаспады.

Бірақ қазір қытай қоғамындағы әйел жағдайын түбегейлі өзгерткен жаңа заңның шыққанына аса көп уақыт болған жоқ. Соған қарамастан, ежелгі данышпандық ілімнің қытай қоғамында қазіргі күнге дейін сақталғандығына әлі де куә болып келеміз.

«Бала неғұрлым көп болған сайын соғұрлым көп бақыт әкеледі» деген отбасылық ескі сенімнің жақтаушысы болып қалған шаруа адамдарының өмірінде тек ұл балалар ғана отбасы ісін жалғастырушы ретінде саналғандықтан әлі туылмаған қыздан құтылуға тырысу қазіргі қытай қоғамында жиі кездесуде. Нәтижесінде кейбір қытайлық ауылдарда ерлер саны әйелдер саны-

нан басым түсуде, сол себепті әйелдерді алып қашу және «күң ретінде» күйеуге сататын жағдайлар да пайда болды (әдетте құл саудасымен айналысатындар болашақ құрбандарын еңбек биржаларынан іздеп, жұмысқа орналастыруда көмек көрсетуге уәде береді де, жас әйелдерді туған өлкелерінен әкетіп, алыс аудандардың шаруаларына сатады екен) [5].

Құқыққа қайшы әрекеттерді тамырымен жойып, орын алған мәселені шешу үшін ана мен бала денсаулығын қорғау туралы заңға баланың жынысын анықтау сараптамасын жүргізу ісі тек медициналық көрсетім бойынша жүзеге асуы тиіс деген тармақ енгізілді.

Осы тұрғыдан келе, қазіргі қытай қоғамындағы әйел орнын қарастыруда дәстүрлі қытай қоғамындағы отбасы және ондағы әйелдің орнын, оның әлеуметтік мәртебесін анықтау басты мақсатымыз болып табылады.

Тұрмысқа шығуды білдіретін қытайша «үйден кету (出嫁)» сөзінің мағынасы әйелдің үйлену тойынан кейінгі орны мен жағдайына деген қытайлықтардың дәстүрлі көзқарастарының дәлме-дәл көрінісін береді [1].

Орта ғасырларда қытай отбасындағы әйелдің орны мен оған деген көзқарастардың даму сипатында оңтүстік пен солтүстік Қытайда бірқатар айырмашылықтар болғанын байқауға болады.

Жартылай көшпенді қоғамнан шыққан солтүстік ақсүйектер тобының жауынгерлік дәстүрлері бойынша әйелдер еркектерге қарағанда анағұрлым көп құқыққа ие болды.

554 жылы туылған Лян Янь Чжи-туй Батыс Вэйге, сосын ол жақтан Солтүстік Циге барғанда, оның көзіне бірінші оңтүстік пен солтүстіктік отбасы өмірі арасындағы айырмашылық түседі. Янь Чжи-туй елдің екі бөлігіндегі ғұрыптардың бірқатар ерекшелігін жазып кеткен болатын [2].

Алдымен, Лян Янь Чжи-туй солтүстіктегі әйелдердің дербестігіне назар аударды, мұны ол қоғамда еркектерге қарағанда әйелдің рөлі басым болған сяньбийлердің әсерімен байланыстырды. Оңтүстікте әйел тұрмысқа шыға салысымен үйінен шықпай, тіпті өз туыстарымен де сирек кездесетін болған. Ал солтүстікте әйелдер тек үйдің толық қожасы болуымен ғана шектелмей, олар үнемі түрлі сапарларға шығып, буддалық храмдарға барып, тіпті өз ұлдарының

кәсібін де ұйымдастырды, күйеулерінің өздеріне деген әділетсіз қатынасы туралы билік орындарына шағым айтқан екен. Сонымен қатар, Янь Чжи-гуйдің жазуы бойынша, солтүстіктегі әйелдер қолөнер бұйымдарын жасауда және тігіншілік ісінде оңтүстіктегілермен салыстырғанда едәуір шебер болған. Оңтүстікте егер әйелі қайтыс болса, оның істерін күң (немесе еріксіз әйел) жалғастыратын болса, ал солтүстікте оның орнына жаңадан әйел алатын болған [2].

Алайда, уақыт өте келе, солтүстіктік мұндай дәстүр өз кезегінде Таң кезеңінің ақсүйек ханымдарының көркіне де өз мөрін басты. Текті отбасынан шыққан қыздар аса жоғары бағаланғандықтан да әйел еркіндігіне ақсүйектер тобының үстемдік етуі ықпал еткен.

VIII ғ. тарихшы Лю Фан Солтүстік-шығыстың ақсүйектер қоғамында қыз жақтың туыстарын әулеттің ағайын-бауырларынан да жоғары санағанын айтады. Таңдық жоғарғы таптың батыл, әрі өктем әйелдері атқа салт мініп жүрумен, аңшылықпен, садақ атумен айналысқан. Олардың ұлы істері мен ерекше ержүректілігін Таң империясының атақты ақындары – Ли Бо, Ду Фу, Чжан Цзи және т.б. жырлаған.

Алайда Сұң империясы кезінде жоғарғы таптың ханымдары бұл қасиеттерін жоғалтып, әйелдік сұлулық мұратына да өзгеріс енгізді. Таңдық сымбатты, сезімтал сұлу әйелдер енді салмақыздыққа, сынғыштыққа, денесіздікке жол берді [1].

XX ғ. дейін халық өмірінде әдетті көрініс тапқан қыздардың аяғын дәстүрлі бинттеу әдісі мен қуыршақтың үлгісіндей бет-әлпет беретін косметиканы қолдану кең таралды. Осылайша, дәл осы Сұң кезеңінде әйелге деген дәстүрлі пікірлердің, отбасында әкелік басымдылыққа негізделген отбасылық қағидалар қалыптасты.

Әйелдің қоғамдағы орны мен отбасындағы рөлін анықтау үшін алдымен дәстүрлі қытай отбасына тоқтала кетсек.

Жоғарыда айтылғандай, егер мемлекеттің барлық бағынушылары императорға мойынсұну керек болса, онда отбасының барлық мүшелері еш қарсылықсыз отағасына бас июге міндеттелді. Әке «император өкілі» саналған, және отбасылық қағидаларды бұзу мемлекеттік ережелерді бұзумен тең қаралды [3].

Конфуцийлік дәреже бойынша, яғни үлкеннің кішіге бағыну принципі бойынша құрылған қытайлық отбасында отбасы мүшелері арасындағы кез келген түсініспеушіліктер мен ұрыс-керістер кішіге үлкеннің, ата-ананың балаларына, ерінің әйеліне басымдылығы принципімен тез шешіліп отырған.

Отбасы барлық жағынан әкеге - патриархқа бағынуы тиіс болды. Қытайлықтардың өз оша-

ғына берілгендігі отбасындағы өзара бейбітшілік пен келісімнің үйлесуін тудыратын. Бірақ бейбітшілік пен келісім өз кезегінде тіл алушылық пен қатал заңдарға сүйенді. Отбасы және шыққан тегі үшін әрбір отбасы мүшесі еш қарсылықсыз өзіндік қажеттіліктері мен жеке еркіндігінен бас тартты. Сонымен қатар, ол барлық өзге отбасы мүшелері үшін жауапты болды. Әкесі бала-шағасының іс-әрекеттеріне жауапты болса, осы орайда, егер ата-аналар тарапынан қателік кетсе, бұл үшін балалары да кінәлі саналды. Өзара жауапкершілік туыстар арасында ғана емес, қылмысқа қандай да бір қатысы бар деген куәгерлердің бәріне де жүктелген. Жаңа заманға дейін сақталып келген мұндай әдет-ғұрып үлкен рөл атқарды және кейде бұл жағдай өзге туыстас отбасындағы осы қылмыстың «жанана сыбайластары» болған адамдар үшін үлкен трагедияға айналған [3].

Мұның дәлелі ретінде келесі жағдай назар аудартады. Бір қытайлық ауылда ұрыға тергеусіз сот жүргізілген екен. Оны өлім жазасына кесіп, үкімді іске асыруды ұрының әкесіне тапсырады. Үкім бойынша әкесі туған баласын тірідей жерге көмуге тиіс болады. Оны естіген әкесі еңіреп жылап, өз қауымынан бұл үкімді орындатпауға жалбырынады. Бірақ тергеусіз сотты ұйымдастырушылар оның сөзіне көнбей, егер әкесі ұлын өз қолымен өлтіруден бас тартса, олар оның үйін өртеп жіберіп, бүкіл жанұя мүшесін ауылдан қуамыз деп қорқытып, үкімді жақын арада орындауды талап еткен.

Мұндай қауіпті естіген бақытсыз әке амалсыздан үйінің алдында өз ұлының өліміне шұңқыр қаза бастады. Шұңқырды қазып болып, ол тергеусіз соттың талабы бойынша, өз ұлының мойнына тас байлап, төменге қарай лақтырып жібереді де, шұңқырды топырақпен қайта көме бастады. Әкесінің жүрегі жыланыштан жарылды, бірақ амал нешік, көнуіне тура келді. Әкесінен баласы көмілген жерді күрекпен тегістеуін талап еткен екен [3].

Бұл сол кезеңдегі қатаң тәртіп пен отбасылық қатып қалған қағиданың бір көрінісі болатын.

Шартты түрде қытайлық жас бала 20 жасында кәмелет жасқа толған деп есептелінді. Ал шындығында, ол тек әкесі қайтыс болғанда ғана еркіндік алатын. Ұлының бетіндегі әжімдері, өмірлік тәжірибесінің өзі де оған өзінше дербес өмір сүруге құқық берген емес, тіпті ұлы өз отбасын құрса да, ата-ана айтқанынан шыға алмады. Ұл бала тек әкесінің келісімімен ғана жеке шаруашылықты жүргізе алды. Алайда қытайлық тұрмыс жағынан қарастырсақ, ата-аналардың өз ұлдарынсыз өмір сүруін елестету қиын. Ал бір жағынан, қыздар мәселесіне келсек:

тұрмысқа шыққаннан кейін ата-аналардың оларға деген билігі аяқталатын - олар өз отбасыларын тастап кетеді.

Бұған қарамастан, қытайлық отбасында бәрінен де көп азап шегуші әйел болды. Бірнеше ғасырлар бойы Қытайда ерді көкке көтеріп, ал әйелді кемсіткен қомақты шығармалар жарық көрді. Атап өткеніміздей, әйелдің жақсы қасиеттеріне олардың көңіштік, яғни бас июшілік, именшектік, саликалылық, икемділік сияқты қасиеттері жататын. Әйел әлемі оның үйі мен жанұясынан аспайтын.

Мұндай көзқарастың кең ете алуында біз Сұң дәуірінде Қытай үшін жатжерлік буддизмнің кеңінен құлаш жая дамуы және таза қытайлық даосизмнің халық арасында танымалдығының ұлғая түсуі, сол себепті де классикалық конфуцийшілдіктің дағдарысқа ұшырауына байланысты ежелгі данышпандық ілімнің жаңаша түсіндіріліп, жаңаша қабылдануының негізінде дүниеге келген неоконфуцийшілдіктің жатқанын көре аламыз.

Бұл кезде әйелдер ешқандай жалпыотбасылық жеке меншік құқығына ие бола алмады. Ал егер де қандай да бір жағдайлармен жылжымайтын мүлікті бөлісу ісі жүретін болса, онда ол тек ерлер қауымы арасында жүргізілетін. Отбасында әке ісін жалғастыра ер бала болмаған жағдайда ғана қыз бала әке мұрагері ретінде қарастырылған. Бірақ бұл өте сирек кездесетін жағдай. Тіпті ауқатты жанұяларда да әйелдің мұрагерлік құқығы болмады.

Әйелдің көріктілігін (әсіресе, қоғамның дәулетті ортасында) оның кішкентай аяғы мен тақтайдай жалпақ көкірегімен бейнелеген. Қытайлық ғұрып бойынша, әйелдің аяғы жаңа туған айдың немесе лалагүлдің формасындай кішкентай доға тәріздес болуы керек. Егер де жас қыздың бойында мұндай сұлулық белгісі болмаса, оның тұрмысқа шығуы қиындық туғызған [3].

Аяғы доға тәріздес болуы үшін арнайы бинттеу әдісі жүргізілді. Қыздардың 6-7 жастан аяқ саусақтарын (үлкен саусағынан басқа) бүктеп, аяқ саусақтары табанға қарай майыстырылып, табан мөлшері 8-12 см болғанша бинтпен қысып орап тастайтын болған. Әр апта сайын олардың аяқтары одан сайын тығыздалып байланып отырды және бұл әдіс табанның доға формасына айналғанша жалғасты. Қыздардың бинттелген аяқтары үнемі ауырумен болды, тіпті бұл кейде олардың аяғының жұмыс істемей қалуына алып келді. Осыған қарағанда, қытай халқында «Сұлулық азап шегуді талап етеді», «Бинттелген әрбір жұп аяқ былау толған жаспен тең» деген мақалдар бекер айтылмаған сияқты.

Қытайлық ұлы революционер - демократ Сунь Ятсеннің замандастарының сөздеріне сүй-

енсек, Сунь жастық шағында аяғы бинттелген қарындасының қиналғанын көріп өскен екен. Жас қыз түні бойы ұйықтай алмаған: ауырғаннан ыңырсып, төсекте тынымсыз қимылдай берген, түсініксіз бірнәрселерді сыбырлап, оған тыныштық әкелетін таңның атқанын асыға күткен екен. Түні бойы қиналып біткен ол таң атқанда бәрін ұмытатын, оған аяғының ауруы жеңілдегендей көрінетін. Бірақ, бұл ауру дәл осылай күннен күнге жалғаса беретін. Қарт анасының өзі де қызының қиналғанына әрең төзген, алайда, әдеттен озбау керек деп, әрі бұл қыз өсіп бой жеткенде аяғы кішкентай болмағаны үшін үнемі бізді дәстүрді бұзды деп жазғыратын болады деуменен болған екен [3].

Әрине «Бұған ешнәрсе де істей алмайсың, дәстүр солай, Аспан ұлының заңы осылай».

Тоқтаусыз бейнет шеккен кішкентай қыз бой жеткеннен кейін де барлық үй жұмыстарын жалғыз өзі орындайтын болған - тамақ істеп, жібек құрттарына қарап, кесте тігіп, өрнек тоқыған. Артық академиялық білімнің оған қажеті шамалы болды, өйткені «неғұрлым әйел аз білген сайын, соғұрлым ол мейірімді, жақсылыққа құмар болады» деп есептелген.

Дәстүр бойынша, әйел мүсіні «түп-түзу мінсіз лалагүлдің үндесуіндей жарқырап тұрды», және бұл үшін қыздың 10-14 жасында кеудесін арнайы көкірекше немесе ерекше желеткемен қысып бүгетін болған екен. Көкірек бездерінің дамуы кешеуілдеп, көкірек жасушаларының жылжуы мен организмнің оттегімен қоректенуі бірден тоқтап қалатын. Бұл қыз организмнің жалпы дамуына кері әсерін тигізгенімен оның мүсінінің «көрікті» болуына септігін тигізді.

Ал некеге деген қатынасқа келсек, ол өз кезегінде екі жақтың қалыңдық пен күйеу жігіттің әлі кішкентай бала кезінде немесе сәби кезінде-ақ тойдың алдын ала келісуінен көрінді. Ең төменгі некелік жас жас дәстүр бойынша, қыздарға 15, ал ұлдарға 13 жастан қойылды [1].

Ескіше қытайлық мораль жастар арасындағы нәзік, әрі сүйіспеншілік сезімдерді қолдамады; бұл керексіз, орынсыз, әдепсіз деп саналған. Жігіт пен қыздың арасында қандай да бір терең сезім болғанымен бұл ата-ана тарапынан көзге ілінбеді. Жастардың құдаласуға дейін бір-бірімен кездесуіне болмайтын. Олардың жеке сезімдері ешкімді де қызықтырмаған.

Жарының ата-анасына қызмет ету - жас келіншектің ең негізгі міндеті болды.

«Егер де әйелі еріне ұнап, бірақ оның ата-анасына жақпаса, - делінді көне Қытайда, - онда ол әйелімен ажырасу керек. Ал керісінше, егер әйелі ұлының көңілінен шықпай, бірақ ата - анасының жүрегі жылыса, ондай жағдайда ері онымен ажырасуға дәті бармайды» [3].

Қалыңдық отағасы немесе ұлдарының қасында емес, үнемі енесінің «қол астында» болуы керек деп саналды. Енесінің қалыңдыққа қатыгез мінез танытуы – феодалдық қытайлық отбасының қараңғы-қапас жақтарының бірі.

Тіпті, себепсіз өз ұлын қызғанған енесі кейде жас жұптардың бөлме есігін түнде кеңінен ашып қоюын да талап еткен және әрбір нәзік мейірімді көрген сайын ол күндіз келінін қатты сөгетін жағдайлар да орын алып отырған. Бұл тіпті қалыңдықтың өз - өзіне қол жұмсауына итермелеп, кейде оның өз енесі қолынан мерт болуы да мүмкін еді [5].

Ерінің өз әйеліне қаншама аяусыздық танытып араласса да, әйел оның «отымен кіріп, күлімен шығуы» тиіс болды. Басқаша айтсақ, еш қыңқылсыз тағдырға бағынып, ерінің алдында бойұсынды. Ол өз ата-анасынан да, соттан да қамқор күте алмады. Ол тек қана храмға барып, күйеуі бейнеленген қағаз мүсіншені іліп, құдайдан жарының оған рақымшылдық, мейірімділік танытуын тілеп, оның жүрегін жұмсартуын сұрай алды.

Халық арасында әйел «ерінің кіршіксіз көлеңкесі» болуы тиіс деп саналды. Дәулетті еркек өзіне бір немесе бірнеше «арзан қолды (күн, еріксіз әйел)» әйел алса, заңды жұбайы оларды игі ниетпен қарсы алып, олармен бейбіт те келісіп өмір сүре беретін. Күйеуі өз әйелдерін немесе күндерін сата алатын және оларды уақытша немесе мәңгілікке бере алатын. Бұған сырт көзге заңмен тыйым салынғанымен, мұндай тәжірибе кең таралды. Егер күйеуі әйеліне дөрекілік танытса, бұл үшін ол жеңіл жаза тартумен құтылды, ал әйелі еріне лайықсыз мінез көрсете қалса, ол бұл үшін қатаң жазаланып отырды. Егер күйеуі әйеліне опасыздық жасаса, бұл тіпті де қылмыс болып саналмады. Алайда егер оның әйелі дәл осыған ұқсас әрекетке барса күйеуі оны жазасыз-ақ өлтіре салатын.

Күйеуінің өз әйелімен мынадай жағдайларда өз еркімен, яғни, ешбір заңға негізделмей-ақ ажырасу құқығы болды:

- егер әйелі бедеу болса;
- егер ол ата-енесімен келіспесе;
- егер ол күйеуіне опасыздық жасады деген күдік болса немесе осы жағдай шынымен де орын алса;
- егер өсек айтып немесе мылжындап отбасында ұрыс-керіс туғызса;
- егер жұрттың мазасын алатындай белгілі бір аурумен ауыратын болса;
- егер тілі мен жағына сүйеніп қалған болса;
- егер ол күйеуінің рұқсатынсыз үй мал-мүлкін, дүниесін иемденсе;

Егер әйелі үздіксіз дүниеге қыз баланы әкеле беретін болса, онда ол күйеуінің алдында кінәлі

саналатын. Бұл кезде күйеуі «заңға негізделіп отырып» өзіне ұл бала тууы үшін күн сатып алды [3].

Ауқатты қытайлықтар әдетте арнайы өзінің күні ету үшін сұлу қыздарды сатып алатын. Мұндай жағдайда рәсімдеу өте қарапайым жүргізілді: қыз өз қожайынының заңды әйелінің алдында үш рет жерге иіліп сәлем берген – мұндай бас июшілік ол қыздың үй бикесіне, яғни заңды әйеліне қызмет етуге дайын екенін білдірді. Сатып алынған үй қызметіндегі бұл әйел өз жанұясында қыңқ етпей дәл сол баяғыдай үй шаруасымен айналысып жүре берді. Бірақ ол еріне ұл бала сыйласа, оның жағдайы бірден өзгертін. Егер «тікелей» әйелі дүниеден озса, онда оның орнын «жанана әйелдердің» ең үлкені басты.

Күйеуінің көзі тірісінде әйелге өз жарына деген сезімдерін білдіруіне тыйым салынды. Ол тек қайтыс болған соң ғана айтуына құқығы болатын.

Әйелдің екінші реттік күйеуге шығуы о дүниелік күйеуінің алдында ауыр күнә ретінде саналатын. Егер жесір әйел қайта тұрмыс құруға бел буған жағдайда, ол өз ортасынан қуғындалған, марқұм болған күйеуінің ата-анасы немесе туыстары оны өлтіретін, тіпті бұдан былай заңды түрде өзгенің әйелі емес, тек күні ғана бола алды.

Бұрынғы дәстүр әйелге өз жарымен о дүниелік өмірде бірге болуы үшін күйеуінің моласының басында өлуге бұйырған. Әйел мұндай шешім жайында алдын-ала туыстары мен жақындарына хабарлайтын және оның бұл әрекеті өз күйеуіне деген адалдығы мен шын берілгендігінің белгісі деп қабылданды.

Күйеуіне адал болған жесір дәл үйінің алдына қойылатын мақтау тақтайшасымен марапатталатын. Бұдан да артық құрмет мадақтамасы - ағаштан жасалған салтанатты дарбаза (пайлоу) – күйеуінсіз өмір сүргісі келмеген жесірдің ерлігін білдірді. Жесір өзінің өлген адамның соңынан кететінін жариялаған кезде оны салтанатты түрде паланкинге отырғызып, туыстары, таныстары және жәй ғана қызығушылар жесір әйелді өзін-өзін өлтіретін жерге шығарып салып барды. Жесірді алдын-ала арнайы дайындалған алаңға апарды, сонан соң келгендер оған бас иді. Кейін бақытсыз әйелдің мойнына ілгекті берді, оның көмегімен әйелдің жақын туыстарының бірі оны қылқындырады. Провинция губернаторлары өздерінің ресми баяндамасында императорға бұл жақсы жесірлердің өзін-өзі өлтіргендігі жайлы айтып, олардың күйеуіне деген адалдығына байланысты мадақ сұрап, салтанатты дарбаза салуды өтінген.

Жесір әйел өлгенде оны бәрінен де бұрын өз

күйеуімен бір молада немесе оның моласының жанына бірге көмді. Бұл әдет көбінесе Конфуцийдің өз анасын әкесінің моласының қасына көмгенін айтқан сөздеріне байланысты сақталып қалған екен.

Қытайлық отбасы өмірінде ең үлкен жаңалық дүниеге баланың келуі еді. Бұл оқиға тек дүниеге ұл бала келгенде ғана қуанышты болды да, ал егер керісінше, қыз бала келсе, бәрінің көңілінде қайғы орнайтын.

Жаңа босанған әйелдің өз жағдайын жеңілдететін бір ғана амалы болды – ұл бала босану. Міне, сонымен ол жүкті болады. Барлығы да одан ұлды күтеді, өзі де ұл босануды армандайды. Қап! Әттең-ай десеңізші! – өмірге қыз бала келді! Анасының көзі ащы жасқа толы, ол кішкентай тіршілік иесіне қармайды да. Ал қайны енесі болса ызаға батып, және тіпті бұрындары жақсы араласқан күйеуі де қайғыдан өзін қоярға жер таппаған.

Дүние есігін жанадан ашқан сәби, әрине, өзін жақында не күтіп тұрғанын қайдан білсін!? Қызды өлтіре салатын немесе аштықтан өлуі үшін жай ғана далаға лақтыра салатын [3].

Қыз тағдыры не дегенмен де ауыр да, аянышты болған. Әбден жоқшылық пен мұқтаждықта өмір сүрген кедей ата-аналар кейде өздерінің жас қыздарын өлімге қиятын кездері болды. Бұлай өлтірудің жалғыз ғана себебі тақыр кедейлік болды. Қыздың жасауын сатып алуға мүмкіндігі жоқ болғасын және оның да өмірін тақыр кедейлікке душар етпеу үшін ата-анасы оны өлтіргенді жөн көрді.

Ұлды босану үшін әйелдер сансыз көп бал ашуларға барды. Мәселен, жас келіншек таң атпай тұрып, күйеуінің костюмін киіп алып, жақын маңдағы құдыққа барды. Ол судағы көлеңкені бақылай отырып, оны үш рет айналды. Егер бұл серуен біткесін ол өз үйіне қайтқанда оны ешкім де байқамайтын болса, бұл жақсылықтың нышаны болды: ұл бала туылады [3].

Қыз балаға деген мұндай дәстүрлі көзқарас Қытайда ХХ ғ.жартысына дейін сақталып келді. Оның бір дәлелін біз дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қытайда әйел босандырушы дәрігер Хань Суйиньнің сол кездегі бір шаруа әйелінің қатарынан үздіксіз тоғыз қызды босанғаны туралы айтқан сөздерінен анық көре аламыз:

«Толғақ басталғанда ол (.....) өз қыздарымен не болғанын айтып беретін: біріншісі үшіншісі секілді өмір сүрді; бірақ үшіншісін бесіншісі, алтыншысы туылған кездегідей күйеуім туыла салысымен қылқындырып өлтірген; ал жетіншісі жеуге ешнәрсе қалмаған жылдары өмірге келді және ол ішінің терісі арқасына жабысып туылды, күйеуім оның бас сүйегін балтамен

жарып өлтірді; сегізінші қыз туылғанда ол қатты ашуланғаны сонша, оны қолына ала салысымен қабырғаға күшпен лақтырып жіберген болатын; тоғызыншысын ол бір жасында көршісіне берді және қазір ол тағы да жүкті... аспан бұған енді бір ұлды берсе болғаны. «Ал төртіншісіне не болды»? Босанар алдында біздің бойымызды қайтадан бала өлімі күтіп тұр ма деген қорқыныш билейтін. Әр кез толғақ ауруы күшейгенде ол аямай көз жасын төгетін де баланы жіберетін – төртіншісін. Ал сәби туылғанда оның қыз бала емес екендігін көрген анасы үрейі ұша оны өз қолымен жуынуға арналған құмыраға салып буындырған болатын» [5].

Бұл деген сол ескі нанымның сарқыншағы мен дәстүрді қатаң сақтау идеясына негізделген ұстанымның айқын көрінісі десек болады.

XVIII ғ. шенеунігі Лань Диньюань: «Мемлекеттік биліктің негізі – бұл халықтың әдеп-ғұрпы. Әдеп-ғұрып отбасындағы өмірмен айқындалады. Ал отбасылық өмір әйелдің өзін-өзі ұстауына байланысты» деп жазған болатын [4]. Осы ретте, әйелдің қоғам өмірінде айтарлықтай ерекше рөл атқаратынын ескерсек, қазіргі күнге дейін сақталған әйел әрдайым еркектен төмен тұруы қажет деген дәстүрлі пікірдің қытайлық әйелге де әсер етпей қоймайтынын айтпай кетуге болмайды. Бұл көзқарас әлі күнге дейін қытайлық кейбір аудандарда көрініс тауып, көнеден жаңаға бет алды.

Алайда елдегі әйелдердің қазіргі жағдайын ескере отырып, бұл тұстағы ап-айқын ілгерілеуге – олардың қоғамдық-саяси рөлінің, қоғамдық құқығы мен мәртебесінің көтерілуіне қарамастан, бұл процесс ширақ жүріп жатқан жоқ деп айтуға болады. Бұл мәселені шешу үшін тек қоғамның әйелге деген қарым-қатынасын, көзқарасын өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар әйел бойында өзін-өзі құрметтеу сезімін, өз күшіне және дербестігіне деген сенімін ұялатып, өзіне дұрыс көңіл бөлуін қадағалау керек.

1. М.В.Крюков, В.В.Малявин, М.В.Сафронов. Китайский этнос в средние века (VII-XIII). М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1984. - 188, 189, 185 б.
2. М.В.Крюков, В.В.Малявин, М.В.Сафронов. Китайский этнос на пороге средних веков. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1979. - 203 б.
3. Сидихменов В.Я. Китай: страницы прошлого. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1974. - 180, 188, 189, 192, 194, 209, 211, 214 б.
4. Малявин В.В. Китайская цивилизация. – М.: «Изд.: Астрель», ООО «Изд.: АСТ», Информация. Картография», 2000. – 543 б.
5. <http://www.google.ru>

В данной статье рассматривается роль женщины в китайской традиционной семье и ее социальный статус

в китайском обществе. По взглядам древнего учения конфуцианства, считалось, что на всей земле во всём господствуют мужчины, а женщины подчиняются им. Этот традиционный принцип все еще сохранен в современном китайском обществе. Наряду с этим, в статье описывается влияние старого понятия на жизнь женщины и ее правильного поведения в семье.

This article examines the role of woman in traditional Chinese family and her social status in Chinese society. According to the views of the ancient teaching of Confucianism, it was assumed that the only men rule over all the land around, and women obey them. This traditional principle is still maintained in modern society of China. Along with this, this article describes the influence of the old notion of a girl in a woman's life and the behavior of women in the family.

2 - б ө л і м Ф И Л О Л О Г И Я

Р а з д е л 2 Ф И Л О Л О Г И Я

Ұ.Т. Алжанбаева

СЛАВЯН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮРКИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Әлеуметтік-лингвистік аспектідегі тілдік қарым-қатынастар тілші ғалымдарды бұрыннан-ақ қызықтырып келгенін жоғарыда айтып өттік. Халықтардың өзара қарым-қатынасының тарихи процесін көрсететін славян-түркі тілдік қарым-қатынасын зерттеудің бір түйінді мәселесі-ол көбінде тек бір жақты, яғни славян тілдерінің түркі тілдеріне ықпалы жағынан қарастырылып келгені. Кеңестер Одағы кезінде тілші-ғалымдар басым рөл атқарып отырған орыс тіліне баса назар аударды. Өйткені ол кезде орыс тілі, біріншіден, ұлттар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде, екіншіден, басқа тілдерге белсенді түрде және жан-жақты, әсіресе лексика саласында, ықпал етуші тіл ретінде саналды. Ал Ресей Федерациясы сияқты үлкен елде ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі, сонымен қатар тілдік қарым-қатынас мәселелері мемлекеттің тұрақты дамуы мен нығаюында маңызды рөл атқарады. Алайда ғасырларға созылған қарым-қатынастар тек бір жақты болған жоқ қой, оның бір куәсі славян тілдеріндегі, оның ішінде шығыс славян тілдеріндегі түркі сөздері. Ресейде орыс тілінен кейінгі орында тұрған түркі тілдері мен фин-угор тілдерінің орыс тілі, оның диалектілеріне ықпалы көп болды. Бұл процестердің терең тарихы бола тұра, тек ХХ ғасырдың соңғы ширегінде орыс лингвистерінің тілдердің тоғысуы мен өзара ықпалы, орыс тілі және оның диалектілерінің түрлі кірме сөздермен толығыуы мәселелеріне деген қызығушылығы күрт өсті.

Тілдің өмір сүру формасы (немесе лингвема) деп аталатын коммуникативтік-тілдік жүйе төмендегі топтарды қамтуы мүмкін: әдеби тіл, территориялық диалектілер, кәсіп тілі, топтық жаргондар, шартты тілдер(арго), ұрылар жаргоны, қарабайыр тіл т.б.

Территориялық диалектілер өздеріне тән сөздерден басқа өздерін басқа ұлттар тілдері

(олардың әдеби немесе әдеби емес формаларын қоса алғанда) есебінен толықтырып отырады.

Орыс тілінің территориялық диалектілері үш түрлі болады: солтүстік орыс, оңтүстік орыс және орта орыс. Зерттелген территорияның барлығында жүйесі бөлек тілдерден, яғни түркі, фин-угор тілдерінен алынған сөздер бар екені анықталған.

Жалпы теориялық және әлеуметтік лингвистикалық жағынан тіларалық тоғысулар төмендегідей лингвист ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды:

Н.А. Баскаков «О тюркских лексических заимствованиях в русском языке: (М. Фасмердің «Этимологический словарь русского языка» сөздігіне шолу ретінде) [1, 13-20], «Развитие и обогащение русского языка за счет заимствований из языков народов СССР» / Н.А. Баскаков, В.И. Абаев, Т.А. Бертагаев, Е.А. Бокарев, И.Г. Добродомов, В.И. Лыткин, С.И. Ожегов, Г.П. Ижакевич [1, 49-63], М.И. Исаев «Этнолингвистическая панорама России и «нового» зарубежья. Тюркская этноязыковая группа», А.К. Казкенова «Мотивированность заимствованного слова (на материале современного русского языка)», П.Н. Лизанец «О лексических заимствованиях и их типах», Б.А. Серебренников «О взаимодействии языков», А.П. Шаповалова «Аббревиация и межязыковые контакты. Заимствованные сокращенные единицы», сондай-ақ Виноградов, Дешериев, Баскаков, Белодед, Ю.А. Жлуктенко, Романова, А.И. Журавский, А.Н. Кононов, Шишова т.б.

Барлық славян тілдеріндегі бөтен тілден енген кірме сөздерді зерттеуші ғалымдардың да еңбектері пайда бола бастады: И.Г. Добродомов "Проблемы изучения болгарских лексических элементов в славянских языках", Р.А. Юналеева "Тюркизмы в русском языке (на материале

названий одежды)", Г.Н. Асланов "Восточная (тюркская) лексика в русском языке, первая половина XIX в.", Л.П. Крысин "Вопросы исторического изучения иноязычных заимствований в лексике русского языка советской эпохи", Г.В. Павленко "Проблема освоения иноязычных заимствований: (Языковой и речевой аспекты. На материале англицизмов конца XX в.)", Е.В. Михайлова "Французские заимствования в современном русском языке: (Словообразовательный аспект)", М.В. Орешкина "Особенности освоения тюркских слов в современном русском языке", Б.Л. Дабич «Тюркизмы в русском и тюркизмы в сербском языке», Т.Н. Зеленина «Французское слово в удмуртском и русском языках: этимологический словарь» және т.б. зерттеулер.

Арго сияқты тілдік саладағы кірме сөздер де тілдік зерттеу пәні бола бастады. Бұл салада бәрінен бұрын В.Д. Бондалетовтың «Типология и генезис русских арго», «Иноязычная лексика в русских арго», «Тюркские заимствования в русских арго», «Производные слова, образованные от тюркизмов, русских арго», «В.И. Даль и тайные языки в России» сияқты еңбектерін баса айту қажет.

Орыс диалектілерінде кірме сөздер көптен бері зерттеліп келе жатқанымен, аталған мәселедегі ареалдық аспектіні зерттеуге арналған еңбектер әлі де аз. С.И. Ольгович "Иноязычные слова в русских старожильческих говорах средней части реки Оби", Л.А. Кубанова "Тюркизмы в диалектной лексике русского языка /По Толковому словарю живого великорусского языка" В.И. Даля", С.А. Мызников "Лексика прибалтийско-финского происхождения в русских говорах Обонежья", «Лексика финно-угорского и тюркского происхождения в русских диалектах: (Разграничение и определение конечного источника)», «Атлас субстратов и заимствованной лексики Северо-Запада», «русские говоры Обонежья: ареально-этимологическое исследование лексики прибалтийско-финского происхождения», «Лексика финно-угорского происхождения в русских говорах Северо-Запада (этимологический и лингвогеографический анализ)», О.А. Кожеватова "Заимствования в лексике говоров Русского Севера и проблема общего регионального лексического фонда", Н.М. Ивашова "Западноевропейские заимствования в говорах Русского Севера» және басқа зерттеулер.

Орыс тіліндегі түркізмдерді зерттеу ХҮІІІ ғасырда-ақ басталған болатын. Олардың алғашқысына 1769 жылы Василий Тузовтың «Поденьшина» атты сатиралық журналында жарияланған шығыс сөздеріне ұқсас орыс сөздерінің

тізімін жатқызуға болады. Онда В. Тузов *сандық, қамыс, бөрік* сөздерін мысалға келтіреді.

1854 жылы И.И. Срезневскийдің редакциялауымен шыққан «Материалы для сравнительного и объяснительного словаря и грамматики» атты еңбектің бірінші томында шығыс сөздеріне ұқсас орыс сөздерінің тізімі жарияланып, ол сөздердің шамамен қай шығыс тілдеріне жататыны көрсетілген. Бұл глоссарийді құрастыруға И.Н. Березин, А.А. Бобровников, В.В. Григорьев, А.К. Казембек, И.М. Ковалевский, П.Я. Петров, А.М. Шегрен сияқты белгілі орыс шығыстанушылары қатысты.

Атақты лингвист Фр. Миклошичтің шығыс және Оңтүстік-шығыс Европа тілдеріндегі түркізмдер туралы еңбегі мол лексикалық материалды қамтыған. Алайда Фр. Миклошичтің материалдары көп жерде «Материалы для сравнительного и объяснительного словаря и грамматики» атты еңбектегі глоссарийге ұқсас: онда түркізмдердің ену тарихы қарастырылмаған, әрі түркізмдерге әлі толық талдау жасалмаған. Сөздіктің мұндай әлсіз тұстары сол заманда славян тілдеріндегі түркізмдердің зерттелуі әлі де жеткіліксіз болғандығының көрінісі болса керек. 1927 жылы шыққан К. Локочтың «Этимологический словарь восточных слов в европейских языках» атты сөздігі де бұл салаға үлкен жаңалық әкеле қойған жоқ.

«Слово о полку Игореве» поэмасындағы түркізмдер туралы Ф.Е. Корш пен П.М. Мелиоранский арасындағы дискуссия кезінде ежелгі орыс тілінің түркі тілдерінен қабылдаған сөздері туралы мәселе төңірегінде терең ой қозғалған болатын. Бірақ бұл айтыс кезінде де орыс тіліне қарағанда түркі тілдерінің тарихына көңіл көбірек бөлініп кетті. Ал орыс тіліндегі төркіні түркі тілі болып келетін сөздер тағы да көлеңкеде қалып қойды.

1958 жылы «Лексикографиялық жинақтың» үшінші санында жарияланған Н.К. Дмитриевтің «О тюркских элементах русского словаря» атты мақаласы аса қызықты. Бұл мақаланы автор Д.Н. Ушаковтың редакциялауымен шыққан «Толковый словарь русского языка» сөздігіне түркологиялық түсіндірме түрінде жазған. Еңбек кіріспеден және бірнеше глоссарийден тұрады: 1) «Фактілермен расталған түркізмдер»; 2) «Қосымша құжатты талап ететін түркізмдер»; 3) «Гипотеза түрінде түркізмге жататын сөздер» және 4) «Орыс тіліндегі түркізмдердің қосымша тізімі («Толковый словарь русского языка» сөздігіне енбей қалған және облыстарға тән кейбір сөздер). Н.К. Дмитриевтің еңбегі орыс тіліндегі түркізмдерді зерттеу саласындағы құнды еңбектердің бірі. Ол орыс және түркі сөздерінің дыбыстық сәйкестігіне көп

көңіл бөлді. Орыс тіліне енген түркі сөздерінің өзін әртүрлі түркі тілдеріндегі сол сөздермен салыстыру арқылы сол сөздің түркі тілдерінің нақты қайсысынан алынғанын анықтауға мүмкіндік берді.

Н.К. Дмитриевтің еңбегі М.Р. Фасмердің «Русский этимологический словарь» атты сөздігіне көптеген түзетулер енгізді. Өйткені М.Р. Фасмер өз еңбегінің дереккөзі ретінде барлық түркі тілдері сөздерін толық қамтымаған В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегін пайдаланған еді. Мысалы, М. Фасмер В.В. Радловқа сүйеніп орыс тіліндегі *казна* сөзінің төркіні түрік және қырым татарларының *хазна* немесе поволжиялық татарлардың *хазина* сөзі дейді, ал сол В.В. Радловтың сөздігінде кездесетін орыс тіліндегі дыбысталуына әлдеқайда жақын половецтік және татар тілдерінің *казна* сөзіне көңіл аудармайды. Мысалы ноғайша «Ел қазынасы ескі сөз» мақалын салыстырып қарауға болады. М. Фасмер сондай-ақ *qazna* сөзі бар К. Гренбектың «Половецкий словарь» атты сөздігін де пайдаланбаған.

Н.К. Дмитриев түркі бөлігіне келгенде нақты әрі дәл: ол орыс тіліндегі *казна* сөзіне араб тілінен түркі тілдеріне ауысқан *хазина* «қазына» сөзінің «қыпшақ-түркілік түрі» деп көрсетеді. Алайда М. Фасмер орыстың ежелгі жазба ескерткіштерін жақсы білген, сол себепті бұл сөздің 1389 жылы Дмитрий Донскойдың грамотасында кездесетінін айтады, ал Н.К. Дмитриев бұл сөз алғаш Афанасий Никитиннің «Үш теңіздің ар жағына саяхат» еңбегінде ұшырысады деп жүз жыл шамасында кейінге шегереді.

Мұндайда тек ежелгі орыс жазба ескерткіштері мен түркі тілдерінің диалектологиясын ғана жақсы біліп қоймай, сонымен қатар ұғымды білдіретін зат пен құбылыстың тарихын да ескеру маңызды. Аталған зат немесе ұғымның өзге тілге енуінің мәдени-тарихи жағдайларын ашып көрсететін тарихи және археологиялық материалдарға да көңіл аудару қажет. Осы орайда ежелгі орыс тіліндегі ақша атауларына назар аударсақ, олардың жануар атауларымен байланысты екендігін байқаймыз. Мысалы, *скоть*, *куны*, *бьел*.

Түркі тілдерінде де осы жағдайды байқаймыз. *Тиін* (*тиын*) сөзі татар, қазақ, ұйғыр тілдерінде *аң* және *ұсақ металл ақша* дегенді білдіреді. Ал удмурт тілінде *коньы тиін* (*аң*) және *ұсақ металл ақша*. Ақша бірліктерін атаудағы мұндай ұқсастық ақша орнына аң терісі жүретін экономикалық тұрмыстың ұқсастығынан болса керек.

Қазіргі орыс тілінде *тиін*(*тиын*) сөзі жеке қолданылмаса да басқа сөзбен тіркесіп айтыла-

ды. Мысалы, *алтын* сөзі. В старину 3 копейки, а также монета в три копейки. Цена пять алтын. Пять медных алтынов [6, 30]. Орыс тілінде бұл сөзді ескі түркізмге жатқызады. Қазіргі орыс лингвистері бұл сөздің төркіні татардың *алтын* «золото», яғни бағалы металл деген сөзі дейді. Алайда нумизматтар орыс тілінде бұл сөз пайда болған кезде орыстарда да, Алтын Ордада да алтын ақша болған емес дегенді айтады. Сол себепті 1854 жылы А. Казембектің «Материалы для сравнительного и объяснительного словаря» атты еңбегінде ұсынған және басқа зерттеушілерден бастап М.Фасмерге дейін қолдаған бұл этимологияға келісу қиын. Нумизматтардың айтуынша, орыстың *алтын* сөзі ешуақытта алтын ақша болған емес, сол себепті түркінің *алтын*, *алтун* «алтын» сөзі бұл сөздің негізі бола алмайды. Белгілі орыс тарихшысы В. Татищев бұл сөзге өзінің «Лексикон российский, исторический, географический, политический и гражданский» атты еңбегінде көңілге қонымды этимология ұсынады. Ол *алтын* сөзінің төркіні түркінің *алты* саны, өйткені алтында алты ақша бірлігі бар дейді, бірақ сөздің соңындағы *н* әрпінің қайдан пайда болғаны түсіндірілмейді. Мұндай түсіндірме тек жүз жыл өткен соң Я. Гроттың редакциясымен 1891 жылы шыққан академиялық сөздікте беріледі. Онда *алтын* түркі-татардың *алты тиын* «шесть белок» деген сөзінің өзгерген түрі делінеді. Ежелгі орыс тілінде ақша атауларын зерттеген кезде олардың түрлі жануарлар атауымен байланысты екендігі байқалған: *куны*, *бьел*. Бұлар терісі бағалы аңдар атауы. Түркі тілдерінде де тиін аң атауы. Терісі бағалы аңдар атауының ақша атауына айналуы аң терісінің ақша орнына жүрген кезеңінде пайда болса керек. Орыс тілінде алтынның екі түрлі жуан және жіңішке *алтын*, *алтын* варианты болуын, тиынның жуан және жіңішке тиын, тиін деген варианттары болуынан деп түсіну керек. Мысалы, *Не было ни гроша, да вдруг алтын*, «Опыт областного великорусского словаря» атты еңбекте *безалтынный* сөзі кездеседі. Бұл бес, алты сан есімдерінің тиын сөзімен тіркесі. Ал жіңішке түрлері *восемь алтын*, *двадцать алтын* *оброк*. Тиын сөзінің қысқарып –*тын* түрінде кездесетіндігі орыстың *нибиртынки* «ни копейки», *унтынка* «десять копеек» сөздерінен көрінеді.

«Ежелгі орыс тіліндегі түркізмдерді анықтауда қиындық тудыратын тағы бір мәселе – славяндармен қарым-қатынаста болған монғол кезеңіне дейінгі түркі тілдерінің (булғар, печенег, половец) бізге беймәлімдігі, ол тілдерден қалған жазба ескерткіштер жоқ, тек кейбір жеке сөздер ғана», - деп жазады орыс ғалымы.

Ал Украина жеріндегі ежелгі түркі-славян

тілдік тоғысуын Қара теңіздің солтүстік жағалауында ғұн, булғар, авар, хазарлардың (ІҮ ғасырдың соңы мен ІХ ғасырдың соңы) кезек билік жүргізуі кезеңіне жатқызады. Шамасы *баярин, каган, кабан, кулак, лошак, товар, толмач* деген сөздер украин тіліне сол уақытта кірсе керек.

Украина жеріндегі түркі-славян тілдік тоғысудың тығыз орнаған кезеңі ІХ ғасыр мен ХІІІ ғасырдың бірінші жартысы. Бұл кезде Қара теңіздің солтүстік жағалауына бірінен кейін бірі печенегтер, половецтер және түркілердің келуі, одан басқа ХІ ғасырдан бастап оңтүстік оры княздықтары жерінде көптеген түркі конфедераттары орналастырылуы болды.

Тілдік тоғысулардың үшінші кезеңі Алтын Орданың дәуірлеп тұрған кезеңі мен Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы түрік экспансиясы мен Қырымның түрі вассалы болған кез. Украин тілінде *майдан, кава, кавун, килим, тютюн, чабан* сияқты сөздердің, сондай-ақ украиндық казактар қолданатын көптеген терминдердің пайда болуы осы кезеңге жатқызылады.

